## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 761 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.09.2015 № 761 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысын қараңыз.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Айырбастау пунктін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Валюталық операция және шетелдік банктегі шот туралы хабарламаны растау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Валюталық операцияны тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) «Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) «Орталық депозитарийдің қағидалар жинағын келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) «Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларын келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) «Тіркеушінің қағидалар жинағын келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

8) «Қаржылық құралдармен мәміле бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидаларын келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

9) «Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы

қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

10) «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басқарушы қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

11) «Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғаны аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

12) «Банктің ірі немесе банк холдингінің қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

13) «Сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

14) «Инвестициялық портфельді басқарушысының ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

15) «Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

16) «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

17) «Инвестициялық пай қорлары пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

18) «Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы хабарлама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

19) «Облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы хабарлама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

20) «Актуарийлерден біліктілік емтиханын қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

21) «Кредиттік бюроның пайдалануына кредиттік тарихтардың деректер базасын басқару жүйесін енгізу актісін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

22) «Инвестициялық пай қорларының пайларын орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы хабарлама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

23) «Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңына рұқсат алған, бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржылық есептілігінің аудитіне шығындарды өтеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

24) «Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қатысушы заңды тұлғаларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)» мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандарты;

25) «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығында қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келген шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға виза беру туралы қолдаухат» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

26) «Мемлекеттік органдарға беру үшін Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының құжаттамасын ағылшын тілінен қазақ және орыс тілдеріне аудару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

27) «Банк операцияларының жекелеген түрлерін, банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын ұйымдарға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

28) «Уәкілетті ұйымдарға шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

29) «Банкті ашуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

30) «Банк операцияларының жекелеген түрлерін, банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

31) «Ислам банктері жүзеге асыратын банк операцияларына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

32) «Банктерге Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында көзделген банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

33) «Банкті (банк холдингін) ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

34) «Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

35) «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

36) «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

37) «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлеріне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

38) «Қайта сақтандыру жөніндегі қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

39) «Сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

40) «Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

41) «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

42) «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын сақтандыру холдингін ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

43) «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

44) «Ұйымдардың капиталына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің елеулі түрде қатысуына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

45) «Қоғамды жария компания деп тану немесе қоғамның мәлімдемесі негізінде ол белгілеген тәртіпте оның жария компания мәртебесін кері қайтарып алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

46) «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамын ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

47) «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамын ерікті түрде таратуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

48) «Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруына немесе сатып алуына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

49) «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымын құруына немесе сатып алуына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

50) «Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

51) «Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында шығаруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

52) «Кредиттік бюро қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

53) «Арнайы ислам қаржы компаниясын ерікті түрде қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

54) «Ұйымның жарғылық капиталына банктің және (немесе) банк холдингінің елеулі түрде қатысуына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

55) «Банкті ерікті түрде таратуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

56) «Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

57) «Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен бекітілген

**«Айырбастау пунктін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Айырбастау пунктін тіркеу және қайта тіркеу» (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде « электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш бергенде – он жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ

уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – айырбастау пунктінің қағаз жеткізгіштегі тіркеу куәлігі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алуға өтініш берген жағдайда, нәтиже электрондық форматта ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолымен расталады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш берген кезде қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) еркін нысандағы өтінішті;

2) көрсетілетін қызметті алушының талаптарға, оның ішінде біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар:

кассирдің қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша арнайы даярлықтан өткендігін растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасында көзделген және қызметкердің қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша кассир ретінде кемінде алты ай еңбек қызметін растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі;

ақша белгілерінің түпнұсқалығын айқындауға арналған техникалық құралдардың сипаттамасын айқындайтын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (заңды тұлғалар үшін);

Қызметінің айрықша түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын, айырбастау пунктінің тіркеу куәлігін алуға өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кейін берілген және жарғылық капиталдың қосымша айырбастау пункттерін (қосымша айырбастау пункттерін) тіркеу кезінде ақшалай жарналар есебінен ұлғаюын ескере отырып біліктілік талаптарына сәйкес келетін мөлшерге дейін растайтын екінші деңгейдегі банктің құжаты ұсынылады.

Егер қосымша айырбастау пункттерін тіркеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің ашылатын айырбастау пункттерін ескергенде уәкілетті ұйымның біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттары болса, осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының үшінші абзацында көзделген құжат ұсынылмайды.

Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғаның филиалы өзінің орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті берушіге осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды береді:

1) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі лицензиясының көшірмесі (уәкілетті ұйымдар үшін);

2) есептік тіркеу және (немесе) қайта тіркеу туралы әділет органдарының белгісі бар не филиал туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы әділет органдарын хабардар ету фактісін растайтын құжат қоса берілген филиал туралы ереженің көшірмесі.

Шет тілінде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

Айырбастау пунктін қайта тіркеу үшін талап етілетін құжаттар:

1) еркін нысандағы өтінішті;

2) қайта тіркеу үшін негіздемелердің (айырбастау пунктін нақты көшіруге әкеп соқпайтын көше атауларының, ғимараттар нөмірлерінің және тіркеу куәлігінде көрсетілген басқа да деректердің өзгеруі) туындауын растайтын құжаттар.

Айырбастау пунктін бастапқы тіркеу кезінде бұрын ұсынылған, істегі құжаттар айырбастау пунктін қайта тіркеу үшін қайта ұсынылмайды.

Айырбастау пунктін қайта тіркеу кезінде жаңа тіркеу куәлігінің нақты берілген күні көрсетілген тіркеу куәлігі беріледі.

Уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерін олардың үй-жайларының техникалық жабдықталуына қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарап

тексеруді көрсетілетін қызметті беруші айырбастау пункті тіркелгенге дейін жүргізеді.

Порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында, екінші бөлігінде, төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында, алтыншы бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері түріндегі құжаттар электрондық сұрау салуға тіркеледі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғаларының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

## 3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының не оны алмастыратын адамның атына: 050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» шағын ауданы, 21-үй мекенжайы бойынша;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша

көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымдарды портал арқылы «жеке кабинеттен» жіберген жағдайда шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

12. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен бекітілген

## «Валюталық операция және шетелдік банктегі шот туралы хабарламаны растау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Валюталық операция және шетелдік банктегі шот туралы хабарламаны растау» (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының бөлімшелері және аумақтық филиалдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге валюталық шарт туралы ақпарат ұсынған күннен бастап – жеті жұмыс күні өткенге дейін;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – валюталық операция туралы немесе шетел банкіндегі шот жөніндегі қағаз жеткізгіштегі хабарлама туралы куәлік.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш берген кезде қажетті құжат:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша валюталық операция туралы немесе шетел банкінде шот ашу туралы толтырылған хабарлама.

Валюталық операцияларды жасау мән-жайларын нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсетілетін қызметті алушыдан соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы валюталық операцияларды жүзеге асыруға негіз болатын валюталық шартты талап етуге құқылы. Валюталық операция туралы хабарламаны растау көрсетілетін қызметті алушы талап етілетін құжаттарды ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Берілетін деректердің құпиялылығы мен түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныш құралдарымен бірге ақпаратты кепілдікпен жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалана отырып, банктер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына валюталық операция туралы электрондық түрде хабарлайды.

Заңды (банктерден басқа) және жеке тұлғалар валюталық операция туралы толтырылған хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті бөлімшесіне/жауапты адамына тапсырады.

## 3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының не оны алмастыратын адамның атына: 050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» шағын ауданы, 21-үй мекенжайы бойынша;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

12. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш жасағанда электрондық цифрлық қол болуы талап етілмейді.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Валюталық операция және шетелдік банктегі шот туралы хабарламаны растау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

**Тіркеу куәлігін/Валюталық операция туралы немесе шетел банкінде банк шотын ашу туралы хабарламаны алуға арналған өтініш (керегін сызыңыз)**

______________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның Т.А.Ә)
____________________________________________________ КҰЖЖ коды
_________________________ ЖСН ___________________________ БСН
1. _______ жылғы «___» _________________ № ___________ валюталық шарт
______________________________________________________________
(құжаттың атауы)
______________________________________________________________
(мақсаты мен мәні)
2. Валюталық шартқа қосымша мынадай құжаттар ұсынылды (тіркеу куәлігін алу үшін өтініш берген кезде толтырылады)
______________________________________________________________
(құжаттың атауы, нөмірі, ресімдеу күні)
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
3. Валюталық шартқа қатысушы – резидент (резиденттер): Заңды тұлғаның атауы /жеке тұлғаның Т.А.Ә
______________________________________________________________
______________________________________________________________
Мекенжайы ____________________________________________________
______________________________________________________________
_____________________________ телефоны _______________________
Қызмет көрсететін банк (банктер) _______________________________
4. Валюталық шартқа қатысушы – резидент емес (резидент еместер): Заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның Т.А.Ә ___________________
Заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасы _______________________________
Экономика секторы ______________________________________________
Заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты тұратын елі _______
______________________________________________________________
Мекенжайы, банктік деректемелері (бар болса) ___________________
______________________________________________________________

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы валюталық шарт бойынша бұрын берген лицензияларының нөмірлері ________________________________

______________________________________________________________________

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы валюталық шарт бойынша бұрын берген тіркеу куәліктерінің нөмірлері ___________________________

______________________________________________________________________

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы валюталық шарт бойынша бұрын берген хабарлама туралы куәліктерінің нөмірлері _______________

______________________________________________________________________

8. Мынадай толтырылған бөлімдер ұсынылды (белгіленсін):
___ 1-бөлім. Коммерциялық кредиттер және қаржы займдары;
___ 2-бөлім. Капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар;
___ 3-бөлім. Шетел банкінде банк шотын ашу;
___ 4-бөлім. Капитал қозғалысының басқа да операциялары.

Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті тұлғасы:

________________ _____________________________________ _____________

(лауазымы) (Т.А.Ә) (қолы)

20__ жылғы «___» _________________

Мөр
орны

1-бөлім. Коммерциялық кредиттер және қаржы займдары

1. Валюталық шарттың сомасы ___________________________________________

______________________________________________________________________

(валюталық шарттың валютасындағы цифрлармен және жазумен)

2. Шарттың валютасы ______________________________________________

3. _____ жылғы «___» ______________ № ______ негіздемелік келісім (бар болған кезде) ___________________________________________________

(құжаттың атауы)

4. Резидент еместің резидентке қатынасы (белгіленсін):
_____ тікелей инвестор
_____ тікелей инвестициялау объектісі
_____ өзге

5. Кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы (мүдде) мөлшерлемесі жылдық ___________________ % (өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда оны есептеу базасы және маржа мөлшері көрсетіледі)

6. Негізгі борыш бойынша мерзімі өткен төлемдер үшін мөлшерлеме:
мерзімі өткен әрбір күнге _____________________________________________
өзге (толық жазылсын) ________________________________________________

7. Ілеспе төлемдер (ұйымдастырғаны үшін, басқарғаны үшін комиссия, міндеттемелер және басқа үшін комиссия) ______________________________

______________________________________________________________

(кредиттен, негізгі борыштан пайызбен және т.б.сомасы)

8. Операцияның қысқаша сипаттамасы (төлем бойынша нұсқау, қаражат қозғалысының кестесі және басқасы) ___________________________________

______________________________________________________________

9. Агент (оператор, ұйымдастырушы) туралы мәліметтер (бар болса):
Резидент ________________ Резидент емес ________________ (белгіленсін)
Заңды тұлғаның атауы _____________________________________________
Резидент туралы ақпарат: мекенжайы ___________________________________

______________________________________________________________

_____________________ телефоны _____________________________________
КҰЖЖ коды ______________________ ЖСН/БСН _________________________
_ _
Резиденті емес туралы ақпарат: тіркелген елі ___________________________

______________________________________________________________

10. Айрықша жағдайлардың болуы (белгіленсін):
____ қарыз алушының ұзартуға құқығы
____ қарыз алушының мерзімінен бұрын өтеу құқығы
____ кредитордың берешекті мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы
____ өзге де (толық жазу) __________________________________________

______________________________________________________________

11. Осы валюталық шарт шеңберінде қаржыландыратын келісімшарттар туралы мәліметтер (банктер және өзге де қаржы институттары өз операциялары туралы хабарлаған жағдайда толтырады):

______________________________________________________________

11.1. Аппликант (банктің немесе өзге қаржы институтының қаржыландыруды сұрататын клиенті) туралы мәліметтер:
Резидент ________________ Резиденті емес ________________ (белгіленсін)
Заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның Т.А.Ә ____________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы ___________________________________

______________________________________________________________

_____________________ телефоны _____________________________________
КҰЖЖ коды ______________________ ЖСН/БСН _________________________
_ _
Резиденті емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке

тұлғаның тұрғылықты тұратын елі ________________________________________
_____________________________________________________________________________

11.2. Қаржыландырылатын келісімшарттар туралы мәліметтер:
Келісімшарттың нөмірі ______________________________ күні _______________
Келісімшарттың мақсаты мен мәні ________________________________________
_____________________________________________________________________________

Келісімшарттың сомасы ______________________________ валютасы __________
(валютаның мың бірлігі)

Келісімшарттың есептік нөмірі немесе келісімшарттың есептік нөмірін алу талап етілетін экспортқа немесе импортқа арналған келісімшарттар үшін мәміле паспортының нөмірі ________________________________________
_____________________________________________________________________________

11.3. Бенефициар (келісімшартқа қатысушы) туралы мәліметтер:
Резидент _________________ Резидент емес _________________ (белгіленсін)
Заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның Т.А.Ә ______________________________
_____________________________________________________________________________
_____________________________________________________________________________

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы ____________________________________
_____________________________________________________________________________
________________________ телефоны ________________________________________
КҰЖЖ коды __________________________ ЖСН/БСН ___________________________
_ _

Резиденті емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты елі __________________________________________________

11.4. Кредитордың банкті немесе өзге қаржы институтын қаржыландыру нысаны (белгіленсін):
____ қаражаттың банктің немесе өзге қаржы институтының шотына түсуі,
____ кредитордың бенефициарға төлемі,
____ өзге (таратып жазу)__________________________________________________

12. Қаражаттың түсу және берешекті өтеу кестесі
шарт валютасының мың бірлігі

| Қарыз алушыға кредит бойынша қаражаттың түсуі | | Қарыз алушының кредитті өтеуге қызмет көрсетуі бойь төлемдер | | |
|---|---|---|---|---|
| күні | сомасы | күні | негізгі борышты өтеу | сыйақы төлеу |
| А | 1 | Б | 2 | 3 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| ЖИЫНЫ | | ЖИЫНЫ | | |
| оның ішінде өтініш берген күнге | | оның ішінде өтініш берген күнге | | |

13. Ескертпе ________________________________________________
________________________________________________________
________________________________________________________

2-бөлім. Капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар

1. Операция түрі (белгіленсін):
1) ___ шетелге тікелей инвестициялар,
2) ___ Қазақстан Республикасына тікелей инвестициялар,
3) ___ резиденттердің резиденті емес эмитенттердің акцияларын (тікелей инвестицияларды қоспағанда) сатып алуы,
4) ___ резидент еместердің резидент эмитенттердің акцияларын (тікелей инвестицияларды қоспағанда) сатып алуы,
5) ___ резиденттердің резидент емес эмитенттердің өзге бағалы қағаздарын және резиденті еместердің инвестициялық қорларының пайларын сатып алуы,
6) ___ резидент еместердің резидент эмитенттердің өзге бағалы қағаздарын және резиденттердің инвестициялық қорларының пайларын сатып алуы,
7) ___ резиденттердің резидент еместердің капиталында қатысуды қамтамасыз ету мақсатында салым енгізуі (тікелей инвестицияларды қоспағанда),
8) ___ резидент еместердің резиденттердің капиталында қатысуды қамтамасыз ету мақсатында салым енгізуі (тікелей инвестицияларды қоспағанда),
9) ___ резидент емес эмитенттердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарын орналастыру,
10) ___ резидент эмитенттердің басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және солардың аумағында шығарылған бағалы қағаздарын орналастыру,
11) ___ қазақстандық депозитарлық қолхаттарды орналастыру,
12) ___ резидент эмитенттердің бағалы қағаздарына депозитарлық қолхаттарды орналастыру,
13) ___ туынды қаржы құралдарымен операциялар.

2. Инвестор туралы мәліметтер (егер көрсетілетін қызметті алушы инвестор болып табылса толтырылмайды):
Резидент __________ Резидент емес ____________ (белгіленсін)

Заңды тұлғаның атауы / жеке тұлғаның Т.А.Ә ____________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
Резидент туралы ақпарат: мекенжайы ____________________________________
__________________________ телефоны ___________________________________
КҰЖЖ коды _____________________ ЖСН/БСН ______________________________
_ _
Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты елі _________________________________________________________
__________________________________________________________________________
Резидент еместің экономика секторы _____________________________________
3. Сатушы туралы мәліметтер (егер көрсетілетін қызметті алушы сатушы болып табылса, толтырылмайды):
Резидент _________________ Резидент емес __________________ (белгіленсін)
Заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның Т.А.Ә
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
Резидент туралы ақпарат: мекенжайы ____________________________________
__________________________________________________________________________
_____________________ телефоны ________________________________________
КҰЖЖ коды _____________________ ЖСН/БСН ______________________________
_ _
Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты елі _________________________________________________________
Резидент еместің экономика секторы _____________________________________
4. Валюталық шарт туралы мәліметтер:
Валюталық шарттың сомасы _____________________________________________
__________________________________________________________________________
(валюталық шарттың валютасында цифрлармен және жазумен)
Валюталық шарттың валютасы ___________________________________________
Мерзімі өткен төлемдер үшін мөлшерлеме _ мерзімі өткен әрбір күн үшін
Ілеспе төлемдер (ұйымдастырғаны үшін, басқарғаны үшін комиссия, міндеттемелер және басқа үшін комиссия) _______________________________
(таратып жазу) _____________________________________________________

Өтініш берілген күні валюталық шарт бойынша ұсынылған қаражат:

| Жіберуші | Бенефициар | Күні | Сомасы, валюталық шарт валютасының мың бірлігі |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |

Операцияның қысқаша сипаттамасы (төлем жөніндегі нұсқаулық, қаражат қозғалысының кестесі және басқа) ___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

5. Инвестициялау объектісі туралы мәліметтер (егер көрсетілетін қызметті алушы инвестициялау объектісі болып табылса толтырылмайды): Резидент _______ Резидент емес _______ (белгіленсін) Атауы ____________________________________________________________

___________________________________________________________________

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы (облыс, қаласы) __________________

___________________________________________________________________

КҰЖЖ коды _______________________ ЖСН/БСН _________________________ _ _

Резидент емес туралы ақпарат: тіркелген елі __________________________

___________________________________________________________________

Резидент еместің экономика секторы __________________________________

6. Инвестициялау объектісінің капиталы (жарғылық капиталдың дауыс беруші акцияларымен және қатысу үлесімен операцияларды жүзеге асырған жағдайда толтырылады):

| № | Атауы | Валюталық шарт бойынша операция жүргізгенге дейін | | Валюталық шарт бойы операция жүргізілген кейін | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сомасы | валютасы | сомасы | валютасы |
| 1. | Құрылтай құжаттарына сәйкес құндық көрсетудегі жарғылық капитал, құрылтай құжаттары бойынша валютаның мың бірлігі | | | | |
| 2. | Қаржылық есептілікке сәйкес жарғылық капитал, қаржылық есептілік валютасының мың бірлігі | | | | |
| 3. | Инвестициялау объектісінің капиталы, құндық көрсетудегі пайлар, валютаның мың бірлігі | | | | |
| 3.1. | оның ішінде инвесторлар бойынша | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| 4. | Инвестордың (инвесторлардың) инвестициялау объектісі капиталындағы үлесі, қатысушылар дауыстарының немесе дауыс беруші акциялардың пайызымен | | | | |
| 4.1. | оның ішінде инвесторлар бойынша | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

7. Инвестициялау объектісінің акциялары туралы ақпарат (дауыс беруші акциялармен операцияларды жүзеге асырған жағдайда толтырылады):

| № | Атауы | Валюталық шарт бойынша операция жүргізгенге дейін | | Валюталық шарт бойь операция жүргізгеннен і | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жай | артықшылықты | жай | артықшыль |
| 1. | Жарияланған акциялардың саны, дана | | | | |
| 2. | Төленген акциялардың саны, дана | | | | |
| 2.1. | оның ішінде дауыс беруші | | | | |
| 3. | Инвесторға (инвесторларға) тиесілі дауыс беруші акциялардың саны, дана | | | | |
| 3.1. | оның ішінде инвесторлар бойынша | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

8. Инвестор (инвесторлар) валюталық шарт бойынша сатып алатын инвестициялау объектісінің акциялары туралы ақпарат:

| Акцияның түрі (жай/ артықшылықты, дауыс беру құқығы бар/құқығы жоқ) | Халықаралық сәйкестендіру нөмірі ( ISIN) не ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) | Номиналдық құны немесе бір бағалы қағазды орналастырудың бағасы ( валюта бірлігі) | Шығарыль орналастыр валютасы |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |

9. Шығарылымды қоса алғанда, инвестор (инвесторлар) сатып алатын борыштық бағалы қағаздар немесе инвестициялық қорлардың пайлары туралы мәліметтер:
ISIN/ҰСН ___________________________________________________________
Бағалы қағаздардың саны ____________________________________ дана
Бір бағалы қағаздың номиналдық құны _________________ валюта бірлігі
Шығару валютасы ____________________________________________________
9.1. Борыштық бағалы қағаздар үшін
Шығару күні _______________________ Өтеу күні ________________________
Купондық мөлшерлеме _____________________________________ жылдық %
(өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда оның есептеу базасы және маржа мөлшері көрсетіледі)
Купондар төлеу кезеңділігі мен күні ____________________________________
___________________________________________________________________
9.2. инвестициялық қорлардың пайлары үшін
Қордың түрі (акционерлік, пайлық, ашық, жабық, аралық, өзге (көрсетілсін))
___________________________________________________________________
Басқарушы компания _______________________________________________

______________________________________________________________________

(атауы, елі)

10. Депозитарлық қолхаттар туралы мәліметтер:

Депозитарлық қолхаттың ISIN/ҰСН ______________________________

Шығару күні ______________________________________________

Депозитарлық қолхаттың саны: операция жүргізгенге дейін __________ дана, операция жүргізгеннен кейін ____________ дана.

Депозитарлық қолхат пен базалық актив бірліктерінің арақатынастары: ________ дана депозитарлық қолхат = __________ дана базалық актив

10.1. Депозитарлық қолхаттың базалық активтері туралы мәліметтер:

Бағалы қағаздың түрі: _______ акциялар, ________ облигациялар (көрсетілсін)

Депозитарлық қолхаттарға айырбасталған базалық активтер бірліктерінің саны:

операция жүргізгенге дейін ____________ дана, операция жүргізгеннен кейін ___________________ дана.

10.2. Депозитарлық қолхат эмитенті:

Резидент ________ Резидент емес ________ (белгіленсін)

Атауы ______________________________________________________

______________________________________________________________________

Резидент емес туралы ақпарат: тіркелген ел _____________________

Резидент еместің экономика секторы ____________________________

11. Туынды қаржы құралдары туралы мәліметтер:

Туынды қаржы құралының түрі (көрсетілсін):

___ опцион, ___ форвард, ___ фьючерс, ___ өзге (таратып жазылсын) ___

______________________________________________________________________

Туынды қаржы құралының базалық активінің атауы __________________

______________________________________________________________________

12. Ескертпе ________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

3-бөлім. Шетел банкінде банк (оның ішінде жинақ) шотын ашу

1. Шетел банкі _____________________________________________

(атауы, мекенжайы, SWIFT коды және басқа да банктік деректемелері)

______________________________________________________________________

2. Банк шотының валютасы _____________________________________

3. Банк шотының нөмірі _______________________________________

4. Банк шотының түрі (белгіленсін):
____ резиденттің ағымдағы шоты,
____ резидент филиалының (өкілдігінің) ағымдағы шоты,
____ резиденттің салымы,
____ өзгесі (таратып жазылсын) ________________________________________
____________________________________________________________________
5. Резидент филиалының (өкілдігінің) орналасқан жері ________________
____________________________________________________________________
____________________________________________________________________
(елі, мекенжайы)
6. Ескертпе ________________________________________________________
____________________________________________________________________

4-бөлім. Капитал қозғалысының басқа операциялары.

1. Операция түрі (белгіленсін):
_____ жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алу
_____ зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықты толық сатып алу
_____ бірлескен қызметке қатысушының міндеттемелерін орындау
_____ ақшаны және өзге де мүлікті сенімгерлік басқаруға беру
2. Валюталық шарт туралы мәліметтер:
Валюталық шарттың сомасы ___________________________________________
(валюталық шарттың валютасында цифрлармен және жазумен)
Валюталық шарттың валютасы _________________________________________
Қаражатты (егер бар болса) пайдалану үшін сыйақы мөлшерлемесі (мүддесі):
_____________________________________________________________ жылдық %
(өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі болған жағдайда оны есептеу базасы және маржа мөлшері көрсетіледі)
Ілеспе төлемдер (егер бар болса) _____________________________________
(толық жазылсын)
____________________________________________________________________
Операцияның қысқаша сипаттамасы (төлем жөніндегі нұсқаулық, қаражаттың қозғалу схемасы және басқа) __________________________________
____________________________________________________________________
3. Объект туралы мәліметтер:
3.1. жылжымайтын мүлік: _____________________________________________
(елі, мекенжайы)
3.2. зияткерлік меншік объектісі ______________________________________
(объектінің қысқаша сипаты)

3.3. бірлескен қызмет ________________________________________________
____________________________________________________________________

(жобаның қысқаша сипаты)

3.4. сенімгерлік басқару ______________________________________________
____________________________________________________________________

(мақсаттың қысқаша сипаттамасы)

4. Ескертпе __________________________________________________________
____________________________________________________________________

Қосымшаны толтыру бойынша нұсқау

1-4-бөлімдер тіркеу куәлігін алуға арналған өтінішті беру, тиісті валюталық операция немесе шетел банкіндегі банк шоты туралы хабарлама беру кезінде толтырылады. Толтырылмаған бөлімдер ұсынылмайды.

Егер валюталық шарттың бір тарапы ретінде резиденттер және сол сияқты резиденті еместер болса, валюталық шарттың сомасы резидент және резиденті еместер арасындағы өзара міндеттемелер бөлігінде ғана көрініс табады.

Экономика секторы Төлем мақсатының бірыңғай жіктеушісін қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады.

«Ескертпе» деген жолда егер валюталық шарттың сомасы тіркелмесе, валюталық шарттың сомасының құралу тәсілін (тәртібін) қоса алғанда, көрсетілетін қызметті алушы тіркеу куәлігінде/хабарлама туралы куәлікте көрсету қажетті деп санайтын шарттың талаптары көрсетіледі.

1-бөлімде:

3-тармақта жекелеген мәмілелерді, оның ішінде тіркеуге/хабарлауға жататын валюталық шарттарды кредиттеудің негіздемелік талаптарын айқындайтын негіздемелік келісім (бас келісім, кредиттік желі және т.б.) көрсетіледі.

«Қаражаттың түсу және берешекті өтеу кестесі» деген 10-тармақта резидентке қаражаттың түсуі және оның валюталық шарт бойынша берешекті өтеуі (резиденті еместер резиденттерге берген қаржы займдары мен кредиттер жағдайында) туралы, сондай-ақ резиденті емеске қаражаттың түсуі және оның шарт валютасындағы берешекті өтеуі (резиденттер резиденті еместерге берген қаржы займдары мен кредиттер жағдайында) туралы ақпарат көрсетіледі.

А бағанында қаражаттың ақшалай нысанда және сол сияқты тауар, жұмыс, қызмет көрсету нысанында түсуінің нақты және/немесе болжамды (болашақтағы) күні, ал 1-бағанда түсімдер сомасы көрсетіледі. Егер

шарт сомасы аталмаған болса, онда 1-бағанда қаражаттың нақты түсуі туралы ақпарат қана көрсетіледі.

Берешекке қызмет көрсету бойынша төлемдер (ақшалай және сол сияқты өзге нысандардағы) туралы ақпарат Б, 2, 3-бағандарда көрсетіледі. Б бағанында төлем жүргізудің нақты және/немесе болжамды (болашақтағы) күні көрсетіледі. 2 және 3-бағандарда тиісінше негізгі борышты өтеу және сыйақы төлеу көрсетіледі. Егер валюталық шартта өзгеше көзделмесе, өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда сыйақы төлеудің болжамды сомасы өтініш (хабарлама) беру күніндегі база мәнінен есептеледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш бергенде – күнтізбелік отыз күн ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – қағаз жеткізгіштегі жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) және көрсетілетін қызметті алушының оны тіркегені туралы белгісі бар (жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген кезде) қағаз жеткізгіштегі акциялар шығарылымы проспектісінің бір данасы не осы мемлекеттік көрсетілетін стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың себептері жазылған дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алуға өтініш берген жағдайда нәтиже электрондық форматта ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолымен расталады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың себептері жазылған дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңба

(бұдан әрі – ЭЦҚ) қойған электрондық құжат нысанында жіберіледі.
7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
8. Жұмыс кестесі:
1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады;
2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).
9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш берген кезде қажетті құжаттар тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушіге:
1) өтініш (өтініште (ілеспе хатта) мемлекетте осы көрсетілетін қызметті алушының акцияларының бар екендігі (жоқ екендігі) туралы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер тізілімін ұстаушы мөртабанының таңбасы болған кезде қарауға қабылданады);
2) көрсетілетін қызметті алушының құрылтай жиналысының (бір құрылтайшының шешімі) немесе акционерлері жиналысының (бүкіл дауыс беретін акцияға ие акционердің шешімі) жарияланған акциялар шығарылымы туралы шешімі бар хаттамасының көшірмесі;
3) жарғының көшірмесін;
4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіштегі мемлекеттік тілде және орыс тілінде екі данада акциялар шығарылымының проспектісімен бірге тігілген:
көрсетілетін қызметті алушы ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесін;
көрсетілетін қызметті алушының таза кірісін бөлу тәртібімен;
эмитенттің соңғы екі қаржы жылындағы аудиторлық есептермен расталған жылдық қаржылық есептілігінің көшірмелерімен, сондай-ақ аудиторлық есептердің және эмитенттің (жаңа құрылған эмитенттерді қоспағанда) есептік саясатының көшірмелерін (еншілес ұйымы (ұйымдары) болған және аудиторлық есеппен расталған жеке қаржылық есептілік болған жағдайда жеке қаржылық есептілік ұсынылады);
акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсынудың алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша эмитенттің қаржылық есептілігінің көшірмелерін (еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда жеке қаржылық есептілік ұсынылады);

құрылтайшылардың жалпы жиналысы не акционерлік инвестициялық қордың жалғыз құрылтайшысы бекіткен инвестициялық декларациясын (акционерлік инвестициялық қорлары үшін) ұсынады.

Осы тармақшада көрсетілген құжаттармен бірге тігілген акциялар шығарылымының проспектісі, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар ( мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі), нөмірленген және тігілген парақтардың саны туралы жазба жасалатын қағаз пломбамен бекітіледі және көрсетілетін қызметті алушы мөрінің таңбасы қойылады.

Акциялар шығарылымының проспектісіндегі мәліметтер акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды тапсырудың алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетілетін көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасының 4 және 5-тарауларында көрсетілетін) қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсыру күнінің алдындағы айдың соңғы күніне келтіріледі.

Ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап 1 маусым аралығындағы кезеңде аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептіліктің аудиторлық есебі болмаған жағдайда эмитент көрсетілетін қызметті берушіге соңғы аяқталған жылдың алдындағы екі жылдың қаржылық есептілігін және көрсетілген кезеңнің қаржылық есептілігінің аудиторлық есебін ұсынады. Аяқталған қаржы жылының аудиторлық есебі мен қаржылық есептілігін эмитент «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап бір айдың ішінде ұсынады (еншілес ұйымы (ұйымдары) болған және аудиторлық есеппен расталған жеке қаржылық есептілік болған жағдайда жеке қаржылық есептілік ұсынылады).

Акциялар шығарылымы проспектісінің екі данасының әрқайсысында осы тармақшада көрсетілген мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі құжаттар ( қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді қоспағанда) болады;

5) қаржылық есептіліксіз Acrobat Reader форматында электрондық жеткізгіштегі акциялар шығарылымының проспектісін (мемлекеттік тілде және орыс тілінде);

6) құрылтайшылардың жарғылық капиталдың ең аз мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде акцияларды алдын ала төлегенін растайтын құжаттардың көшірмелерін (акцияларды алғаш рет шығаруды жүзеге асыратын жаңадан құрылған қоғамдар үшін);

7) акционерлік инвестициялық қордың басқарушы компаниямен (ол болған кезде), кастодианмен және тіркеушімен (акционерлік инвестициялық қор акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеген кезде) шарттардың

жобаларын ұсынады.

Тұрақтандыру банкі жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 6) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген акциялар шығарылымының проспектісі акциялардың құнын анықтау әдістемесін, көрсетілетін қызметті алушының таза кірісін бөлу тәртібін, қаржылық есептілікті, есеп саясатын қоспай ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы қайта ұйымдастыру жолымен құрылған кезде көрсетілетін қызметті алушы осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), және 5) тармақшаларында аталған құжаттардан басқа:

1) бірігу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде – тапсыру актісінің, бірігу туралы шарттың және қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша тиісті лицензиясы бар бағалаушы дайындаған қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың мүлкін бағалау туралы есептің (меншік капиталының мөлшерін көрсете отырып) көшірмелерін;

2) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде – тапсыру актісінің, қосылу туралы шарттың, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша тиісті лицензиясы бар бағалаушы дайындаған қосылатын қоғамның мүлкін бағалау туралы есептің (меншік капиталының мөлшерін көрсете отырып), қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдардың алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша қосылу жүзеге асырылатын қоғамның аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігінің көшірмелерін;

3) бөлу және бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылған кезде – бөлу балансының, бөлу не бөліп шығару нәтижесінде туындайтын қоғамдардың жарияланған акцияларын төлеу үшін берілетін мүлікті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша тиісті лицензиясы бар бағалаушы дайындаған бағалау туралы есептің көшірмелерін;

4) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен қайта құру жолымен қайта ұйымдастырған кезде – қаржылық есептіліктің, тапсыру актісінің, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша тиісті лицензиясы бар бағалаушы дайындаған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мүлкіндегі қатысушының (қатысушылардың) үлесін (үлестерін) бағалау туралы есептің көшірмелерін;

5) мемлекеттік кәсіпорыннан қайта құру жолымен қайта ұйымдастырған кезде – қаржылық есептіліктің және тапсыру актісінің көшірмелерін және қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша тиісті лицензиясы бар бағалаушы дайындаған мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін

бағалау туралы есептің көшірмесін (меншік капиталының мөлшерін көрсете отырып) ұсынады.

Акциялар шығарылымы мемлекеттік тіркелімсіз жасалған, кемінде елу мың еселенген ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде төленген жарғылық капиталы бар көрсетілетін қызметті алушылар ұлттық бірегейлендіру нөмірін беру туралы куәлікті жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке ауыстыру үшін көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған өтінішті (өтініште (ілеспе хатта) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізілімін ұстаушының мемлекетте осы көрсетілетін қызметті алушы акцияларының бар (жоқ) екені туралы мөртабанының таңбасы болған кезде қарауға қабылданады);

2) акционерлік қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесімен, сондай-ақ соңғы екі қаржы жылындағы аудиторлық есептермен расталған қаржылық есептілікпен, есеп саясаты туралы ақпаратпен және жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алу үшін құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша қаржылық есептілікпен бірге тігілген осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына, сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіште екі данада (мемлекеттік тілде және орыс тілінде) акциялар шығарылымының проспектісін ұсынады. Бұл ретте екі дананың әрқайсысында мемлекеттік тілде және орыс тілінде акционерлік қоғам сатып алған кездегі акциялар шығарылымының проспектісі және акциялар құнын анықтау әдістемесі болады;

3) қаржылық есептіліксіз Acrobat Reader форматында электрондық жеткізгіштегі акциялар шығарылымының проспектісін (мемлекеттік тілде және орыс тілінде);

4) ұлттық сәйкестендіру нөмірін беру туралы куәліктің (куәліктердің) түпнұсқасын (түпнұсқаларын);

5) көрсетілетін қызметті алушы органының акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болған шешімінің көшірмесін;

6) әділет органының белгісі қойылған барлық енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге жарғының көшірмесін ұсынады.

Порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында, төртінші бөлігінің 1), 2), 3), 4

) және 5) тармақшаларында, бесінші бөлігінің 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері түріндегі құжаттар электрондық сұрау салуға тіркеледі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғаларының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып:

көрсетілетін қызметті алушы шығарылымды мемлекеттік тіркеуге құжаттарды тапсыру талаптары мен тәртібін бұзған және құжаттарды қарау процесінде олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкессіздігінің анықталуы табылады.

## 3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымдарды портал арқылы «жеке кабинеттен» жіберген жағдайда шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы

туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталға мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардың тізілімін ұстаушылардың мөртабандары бедерлерінің үлгілері

| | |
|---|---|
| МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСАТЫН<br>Республикалық бөлімше<br>«___» ____________ 20 ___ ж.<br>№ ___________________________<br>Оператор: ___________________ | МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСАТЫН<br>ХХ Филиал<br>«___» ____________ 20 ___ ж.<br>№ ___________________________<br>Оператор: ___________________ |
| МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСПАЙТЫН<br>Республиканское отделение<br>«___» ____________ 20 ___ ж.<br>№ ___________________________<br>Оператор: ___________________ | МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСПАЙТЫН<br>ХХ Филиал<br>«___» ____________ 20 ___ ж.<br>№ ___________________________<br>Оператор: ___________________ |

«Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

## Акциялар шығарылымының проспектісі

Акциялар шығарылымы проспектісінің мәтіні акционерлік қоғамның қаржы жағдайы мен акционерлік қоғам қызметі туралы ақпараттан тұрады.

1. Акциялар шығарылымының проспектісінің титул парағында:

1) құжаттың атауы: «Акциялар шығарылымының проспектісі»;

2) қоғамның толық және қысқарған атауы;

3) «Көрсетілетін қызметті берушінің жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу проспектісінде жазылған акцияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар беруді білдіреді. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті беруші осы құжатта қамтылған ақпараттың дұрыстығына жауап бермейді. Акциялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі үшін ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғасы осы проспектіде қамтылған ақпараттың дұрыстығына жауап береді және онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын және қоғамға және оның орналастыратын акцияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды» деген жазба болады.

Акциялар шығарылымы проспектісінің мәтінінде мыналар қамтылған:

## 1. Акционерлік қоғам туралы жалпы мәліметтер:

2. Акционерлік қоғамның атауы.

Осы тармақта акционерлік қоғамның толық және қысқартылған атауы көрсетілуі қажет.

Егер акционерлік қоғамның жарғысында оның шет тілінде толық және қысқарған атауы көзделсе, онда осындай атауды қосымша көрсету керек.

Акционерлік қоғамның атауы өзгерген жағдайда оның бұрынғы толық және қысқарған атаулары, сондай-ақ олардың өзгерген күнін көрсету керек.

Егер акционерлік қоғам заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдасуы нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдасқан заңды тұлға және акционерлік қоғамға қатысты құқықтық иеленушілік туралы мәлімет көрсетілуге тиісті.

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет.

Осы тармақта акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні және куәліктің нөмірі, сондай-ақ оны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі қажет.

4. Акционерлік қоғамның тұрған жері, байланыс телефоны мен факстың нөмірі, электрондық поштаның мекенжайы туралы ақпарат.

5. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері.

6. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері.

7. Акционерлік қоғамға немесе олар шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәлімет. Қаржы агенттігінің мәртебесі берілгендігі туралы мәлімет.

8. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілеттіктерінің атауы, тіркелген күні, тұрған жері және пошталық мекенжайлары.

9. Акционерлік қоғамның соңғы аяқталған үш қаржы жылдың қаржылық есебіне аудитті жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымдардың, олардың тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып, толық ресми атауын көрсету (аудитордың аты-жөні, бар болса – әкесінің аты).

Тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып, соңғы аяқталған үш қаржы жыл ішінде тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі консультанттардың толық ресми атауы.

Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттардың бұзылуы орын алған жағдайда, тараптардың қайсысы бастамашы болғаны жөніндегі ақпаратты көрсете отырып, шарттың бұзылу себептері туралы ақпаратты ұсыну қажет.

10. Қоғам корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні (егер оның қабылдануы қоғам жарғысында көзделген жағдайда).

11. Акцияларды қоғам сатып алған кезде акциялар құнын анықтау әдістемесін акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтай жиналысы бекіткен күн.

## 2. Қоғамның органдары және құрылтайшылары (акционерлері)

12. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі.
Осы тармақта:
1) қоғамның директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің аты-жөні, бар болса – әкесінің аты, туған жылы (тәуелсіз директорды (-ларды) көрсете отырып);
2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың хронологиялық тәртіппен берілген соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызметі және олардың қызметтеріне кірісу күні;
3) директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі дауыс беретін акцияларының қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық арақатынасы;
4) еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санымен пайыздық арақатынасы;
5) соңғы екі жыл ішіндегі директорлар кеңесі құрамының өзгеруі және көрсетілген өзгерістердің себептері.
13. Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері (болған жағдайда).
Осы тармақта қоғамның директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) атауы (атаулары), оның (олардың) құзыреті көрсетілуге тиісті.
14. Тұрақтандыру банкі банкті басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын уәкілетті тұлғаны (уәкілетті тұлғаларды) көрсетеді.
15. Ішкі аудит қызметі (егер ол бар болса).
Осы тармақта:
1) акционерлік қоғамының ішкі аудит қызметі басшысының аты-жөні, бар болса – әкесінің аты, туған жылы не ішкі аудит қызметі әр қызметкерінің аты-жөні, бар болса – әкесінің аты, туған жылы;
2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың өкілеттіктерін көрсете отырып хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызметі және олардың қызметтеріне кірісу күні көрсетілуге тиісті.
16. Акционерлік қоғамның алқалы (жеке дара) атқарушы органы.
Осы тармақта:
1) акционерлік қоғамның жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның аты-жөні, бар болса – әкесінің аты не акционерлік

қоғамның алқалы атқару органының әрбір мүшесінің, оның ішінде басқарма төрағасының аты-жөні, бар болса – әкесінің аты;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың өкілеттіктерін көрсете отырып хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызметі және олардың қызметтеріне кірісу күні;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға тиесілі дауыс беретін акциялардың қоғамның дауыс беретін акциялардың жалпы санына пайыздық арақатынасы.

17. Қоғамның осы проспектісінің 12 және 13-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға соңғы қаржы жылында берілген және төленген сыйақы мен жалақының, сондай-ақ жеңілдіктердің жалпы сомасы.

Егер, акционерлік қоғам акциялар шығару туралы шешім қабылданған күнге дейін үш және одан да көп айда құрылған жағдайда, сыйақының (ақшалай, бағалы қағаздармен немесе қандай да бір басқа нысанда) және соңғы үш айда осы Қосымшаның 12 және 13-тармақтарында көрсетілген тұлғалардың ( тұлғалардың тобы ретінде) акционерлік қоғамнан алған жалақысының жалпы мөлшерін көрсету қажет.

18. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы.

Осы тармақта:

1) акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері;

2) акционерлік қоғам қызметкерлерінің, оның ішінде акционерлік қоғам филиалдары мен өкілеттіктері қызметкерлерінің жалпы саны;

3) акционерлік қоғамның акцияларын иеленетін акционерлік қоғамның қызметкерлерінің жалпы саны және олардың пайызбен орналастырылған акциялардың жалпы санындағы жиынтық үлесі;

4) акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса – әкесінің аты, туған жылы);

5) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса – әкесінің аты, туған жылы).

19. Акционерлік қоғамның құрылтайшылары (акционерлері).

Осы тармақта құрылтайшы (құрылтайшылар) алдын ала төлеген акциялар саны және түрі (түрлері) немесе қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлерге тиесілі дауыс беретін акциялардың пайыздық арақатынасы көрсетіледі. Егер акционер заңды тұлға болып табылған жағдайда, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталында қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленетін ірі акционерлері не қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Мәліметтерде жеке тұлға - акционердің немесе құрылтайшының тегі, аты, бар

болса – әкесінің аты, туған жылы және заңды тұлға - акционердің немесе құрылтайшының толық атауы, орналасқан жері, қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызын иелену басталған күні болуға тиісті.

20. Қоғам ірі акционері болып табылатын не ұйымның жарғылық капиталында он және одан да көп пайызымен үлесі бар ұйымдар туралы мәліметтер.

Мәліметтерде заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері, қоғамға, ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына акциялардың ( жарғылық капиталдағы үлесі) пайыздық арақатынасы, қызмет түрі, қоғамның ірі акционер бола бастаған не ұйымның жарғылық капиталында он және одан да көп пайызы үлесімен иелене бастаған күні және бірінші басшысы туралы ақпарат болуға тиісті.

21. Қоғам қатынасатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

Осы тармақта көрсетілген ұйымдардың толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері көрсетілуге тиісті.

22. Акционерлік қоғамның басқа үлестес тұлғалары туралы мәлімет.

Осы тармақта осы Қосымшаның 12 - 18-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын барлық тұлғалар туралы мәліметтерді оларды үлестес тұлғаларға жатқызу үшін негіздерді көрсете отырып үлестестігі туындай бастаған күнін көрсету қажет.

23. Қоғамның үлестес тұлғаларымен жасалатын мәмілелер.

Осы тармақта осы шешімді қабылдаған қоғамның органын көрсете отырып қоғамның үлестес тұлғаларымен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты; мәміленің жасалған күні; мәміленің тараптары болып табылатын заңды тұлғаның атауын және/немесе жеке тұлғаның аты-жөнін, бар болса – әкесінің атын; мәміле сомасын және мәнін көрсету қажет.

## 3. Акционерлік қоғам қызметінің сипаты

24. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерінің қысқаша сипаты, акционерлік қоғамдарға бәсекелес болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер .

25. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет көрсету) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

26. Қоғамның қолындағы лицензиялар (патенттер) және олардың қолдану кезеңі, зерттеулер мен әзірлеуге, оның ішінде қоғам демейтін зерттеу әзірлеулеріне шығатын шығындар туралы ақпарат.

27. Соңғы екі жыл немесе акционерлік қоғам нақты жұмыс істейтін кезең ішінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстың, қызмет көрсетудің) көлемі.

Соңғы екі жыл ішіндегі немесе акционерлік қоғамның нақты жұмыс істеп отырған кезеңі ішіндегі шығарылған өнімдерінің (орындалған жұмыс, қызмет) көлемінің өзгеруін талдау (Мысалы, соңғы екі жыл ішінде өнімдерді шығару 1 пайызға өсті, ол - 30 миллион теңге).

28. Өз өнімдерін (жұмыстар, қызмет) сатуды ұйымдастырудағы қоғамның Осы тармақта қоғамның тауарларын (жұмыстың, қызмет көрсетудің) жеткізушілері мен көрсетілетін қызметті алушылары туралы мәліметтерді, олар шығаратын немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) жалпы құнының бес және одан астам пайызын құрайтын көлемде көрсету қажет.

29. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар:

1) қызметтің маусымдық сипаты бар түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі үлесі;

2) акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы ( жұмыстардағы, қызмет көрсетулердегі) импорттың үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі экспорттағы акционерлік қоғам сататын өнімнің ( жұмыстың, қызмет көрсетудің) үлесі;

3) сот процестеріндегі акционерлік қоғамның қатысуы туралы мәлімет. Оның қатысуымен сот процестері мәнінің сипаттамасын ұсыну қажет, оның нәтижелері бойынша акционерлік қоғамның қызметі тоқтатылуы немесе өзгеруі, одан ақшалай және өзге міндеттемелер өндіріліп алынуы мүмкін;

4) акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына соңғы жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) сот тағайындаған барлық әкімшілік жазалар туралы мәліметтер;

5) тәуекел факторлары.

Тәуекелдердің мынадай толық талдауын ұсыну қажет:

бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында немесе биржадан тыс нарықта акциялардың бағасына, сондай-ақ нарықта өнім құнының өзгеруіне, қоғамның акцияларының құнына әсер ететін;

инфляцияға, құнсыздануға және банктік пайыздардың ставкасына байланысты;

шығарылатын өнімнің бәсекелік қабілетіне байланысты;

елдегі саяси ахуалдың өзгеруіне және заңдардың өзгеруіне байланысты;

әлеуметтік факторларға байланысты.

## 4. Қоғамның қаржылық жай-күйі

30. Инвестициялар.

Басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар, сатып алынған күнін көрсете отырып, бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы мәліметтер, басқа инвестициялар ашылып көрсетіледі.

Қоғамның инвестициялық портфельді басқару, басқа ұйымдардың атауы мен орналасқан жерін көрсете отырып, олардың капиталына қатысуы жөніндегі стратегияның қысқаша сипаттамасын келтіру қажет.

31. Дебиторлық берешек.

Осы тармақта:

1) акционерлік қоғамның алдында ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қоғам активтерінің баланстық құнының бес және одан астам пайызы мөлшерінде дебиторлық берешегі бар ұйымдардың атауы және олардың орналасқан жері;

2) дебиторлық берешекті өтеу мерзімдері жөніндегі ақпарат;

3) жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсанға бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі.

32. Активтер.

Осы тармақта құны қоғам активтерінің баланстық құнының бес және одан астам пайызын құрайтын қоғам мүлкінің сипатын көрсету қажет. Сондай-ақ эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын және де әр активтің құны және тиісті шарттардың қолданысы аяқталған күні көрсетілген сенімгерлікпен басқаруға берілген эмитент активтері туралы мәліметтер көрсетілуге тиісті.

33. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер.

34. Заемдар.

Осы тармақта қолданыстағы облигацияларды, банктік заемдарды және кредиттік желілерді шығару туралы ақпарат ашылады. Заемдар туралы ақпарат міндеттемелердің валюта бөлігінде және оларды орындау мерзімдері бойынша баяндалады. Валюта түрлері бойынша жылдық өлшемде орташа пайыздық ставка , жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсанға бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі.

35. Қоғамның негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешекте (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар):

1) қоғамның алдында қоғамның баланс активтері құнының бес және одан астам пайызы мөлшерінде берешегі бар ұйымдардың атауы және орналасқан жері және берешек сомасы көрсетіледі;

2) кредиторлық берешектерді өтеу мерзімдері бойынша; жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсанға бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі.

## 5. Қаржылық ұйымдардың қаржылық жағдайы

36. Банкаралық заемдар (банктер толтырады).

Осы тармақта банкаралық заемдар нарығындағы акционерлік қоғамдар позицияларының сипатын көрсету қажет.

37. Салымдар (банктер толтырады).

Осы тармақта депозиттік базаны сипаттау қажет, оның ішінде:

1) заңды және жеке тұлғалардың салымдары бөлігінде және мерзімді салымдар мен талап ету бойынша салымдар бөлігіндегі салымдардың өсу серпіні ;

2) тартылған салымдардың валюта бөлігіндегі салымдар бойынша орташа сыйақылар;

3) заңды және жеке тұлғалардың салымдары бойынша бөлек салымдардың уақытша құрылымы (кредиторлық берешектерді өтеу мерзімдері жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсанға, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі);

4) соңғы үш жыл ішіндегі валюта түрлері бойынша салымдар бойынша бөлек дебет және кредит айналымдары.

38. Шет мемлекет заңдарына сәйкес облигациялардың қолданылып жүрген шығарылым құрылымының сипаттамасы (орналастырылған, өтелген және сатып алынған облигациялар саны, есептелген купондар, сондай-ақ соңғы үш жылдағы (мерзімінен бұрын өтелген) облигациялар туралы мәліметтер).

39. Акционерлік қоғам активтерінің бес пайызынан асатын қолданылып жүрген халықаралық заемдарының (сомасы, өтеу кестесі, сыйақы мөлшері) шарттары туралы және соңғы үш жылдағы оның активтерінің бес пайызынан асатын тартылған және орындалған халықаралық заемдар туралы мәлімет.

40. Акционерлік қоғамдағы басқа ұйымдардан алынған, олардың атауы, мекенжайы, кредит сомасы, сыйақы сомасы, өтелуі және мақсатты пайдаланылуы көрсетілген ашық кредиттік желілер туралы мәлімет.

41. Қаржы нәтижелерін талдау.

Осы тармақта соңғы екі жылдағы аса маңызды қаржы көрсеткіштеріне талдау келтіріледі: сатылған өнімдердің (көрсетілген жұмыстар, қызметтер) көлемі, таза кіріс, пайыздық және пайызсыз кірістер мен шығыстар. Аталған көрсеткіштердің таяудағы жылдағы орындалуы туралы болжам ұсынылады.

42. Соңғы екі жылдағы кірістер мен шығыстардың құрылымы.

43. Акционерлік қоғамның пікірі бойынша аса маңызды болып табылатын және қоғам қызметін сипаттайтын қаржы коэффициенттерінің есебі.

44. Акциялар шығарылымының проспектісінің күніне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген пруденциялық нормативтер мен

орындалуы міндетті басқа нормалар мен лимиттердің маңызы.

45. Қоғамның акция шығару туралы шешімі қабылданғанға дейінгі соңғы алты ай ішінде берілген кепілдіктердің көлемі мен саны.

46. Бұрын берілген кепілдіктер, сот талаптары нәтижесінде пайда болуы мүмкін акционерлік қоғамның ықтимал міндеттемелеріне қатысты өзге де ақпарат.

## 6. Бағалы қағаздардың шығарылымдары туралы мәліметтер (акциялар шығарылымы «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңы қабылданғанға дейін тіркелген қоғамдар үшін)

47. Барлық тіркелген бағалы қағаздар шығарылымдарына қатысты:

1) бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының жалпы саны, түрі және әрбір шығарылымдағы бағалы қағаздың номиналдық құны, шығарылым нысаны, сондай-ақ бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі және бағалы қағаздарды тіркеу күні. Акциялар шығарылымы жойылған жағдайда - жойылған күні және осы шешімді қабылдаудың себебі;

2) бағалы қағаздарды орналастыру күнінің басталуы және аяқталуы;

3) Аукциондар немесе жазылымдар өткізу шарттары мен тәртібі туралы ішкі құжаттарды қабылдау күні;

4) қоғамның бағалы қағаздар ұстаушыларының алдында өз міндеттемелерін орындамауы, облигациялар бойынша сыйақыларды төлемеуі (төлемді кешіктіруі), жай және артықшылықты акциялар бойынша төлемеуі (төлемді кешіктіруі), орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындаудың мерзімі өткен күні туралы ақпаратты әрбір жыл және акциялар түрі бөлігінде орындауды көрсетуді қоса алғандағы фактілер туралы мәліметтер. Дивидендтерді есептеу және төлеу бойынша берешектер болған жағдайда қоғамның аталған берешекті өтеу үшін қабылдаған шараларын көрсету;

5) бағалы қағаздарды орналастыру немесе айналысқа жіберу уақытша тоқтатылған немесе бағалы қағаздар шығарылымы жарамсыз деп танылған жағдайларда осы шешімді қабылдаған мемлекеттік орган шешім қабылданған күнді және оның негіздемесін көрсетуге тиісті;

6) облигациялар бойынша төлемдердің өтеу күні және жалпы мөлшері облигацияларды орналастыру нәтижесінде тартылған ақша сомасын көрсете отырып көрсетіледі;

7) бір акцияға (жай, артықшылықты) есептелген және төленген дивидендтің сомасы және соңғы екі қаржы жылының ішіндегі әрбір жыл үшін әрбір акция

түрі үшін дивидендтің жалпы сомасы;
8) сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауын қоса алғанда, қоғамның бағалы қағаздарымен сауданы ұйымдастыратын және ұйымдастырмайтын нарықтарында орналасқан бағалы қағаздар санын көрсеткендегі бағалы қағаздармен сауда жасалатын негізгі нарықтар.

48. Егер қоғамның акциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналыста болған жағдайда, жылдар бойынша бөле отырып соңғы аяқталған үш жыл үшін, тоқсан бойынша бөле отырып соңғы аяқталған екі жыл үшін, акциялар шығарылымының проспектісі шыққан күнінен бастап соңғы алты ай үшін акциялардың ең жоғары және ең төмен нарықтық бағасы туралы мәліметтерді көрсету қажет.

Акциялардың баланстық құнының тарихы туралы ақпаратта жылдар бойынша бөле отырып соңғы аяқталған үш жыл үшін, тоқсан бойынша бөле отырып соңғы аяқталған екі жыл үшін, акцияларды орналастыру аяқталған күнге дейін соңғы алты ай үшін (айдың бірінші күніне) акциялардың баланстық құны туралы мәліметтер болуға тиісті.

## 7. Жарияланған акцияларды шығару туралы мәлімет

49. Акциялар туралы мәлімет:
1) жарияланған акциялардың саны, түрлері;
2) құрылтайшылар арасында орналастырылған (орналастырылатын) акциялардың саны, түрлері;
3) құрылтайшылар төлейтін бір акцияның нақты құны;
4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері.

50. Тұрақтандыру банкінің жарияланған акцияларының саны, түрлері, номиналдық құны туралы мәліметтер (тұрақтандыру банкі толтырады).

51. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздары.
Айырбасталатын акциялар шығарған жағдайда осындай айырбастың тәртібі мен шарты көрсетіледі.

52. Орналастырылған акциялардың санын өсіру (қоғам сатып алған акцияларды шегергенде) қоғамның орналастырылған акцияларын бір түрінен осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау.

Орналастырылған акциялардың санын өсірген (қоғам сатып алған акцияларды шегергенде) қоғамның орналастырылған акцияларын бір түрінен осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастаған жағдайда, орналастырылған акциялардың санын өсіру (қоғам сатып алған акцияларды шегергенде) қоғамның орналастырылған акцияларын айырбастау тәртібі мен шарттары көрсетіледі.

53. Төлем жасаушы агент туралы мәлімет.

Төлем жасаушы агенттің атауын толық және қысқарған түрде беру, оның орналасқан жерін, байланыс телефонын, төлем жасаушы агентпен жасалған шарттың күні және нөмірін беру.

54. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет.

Тіркеушінің толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері, байланыс телефоны, сондай-ақ бағалы қағаздар ұстаушысының тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясы (нөмірі, берілген күні, лицензияны берген орган) туралы деректерді көрсетеді.

Тіркеушімен жасалған шарттың күні мен нөмірі.

55. Акционерлік инвестициялық қор мыналарға:

1) акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алуға өтінімді беру және орындау шарттары мен тәртібін;

2) акционерлік инвестициялық қордың олардың мекен жайын және байланыс телефондарын (ол болған жағдайда) көрсете отырып акцияларды орналастыру және (немесе) сатып алу бойынша делдалдар тізбесін көрсетеді.

## 8. Қосымша ережелер

56. Инвесторларға арналған ақпарат.

Инвесторлардың қоғам жарғысының және акция шығару проспектісінің көшірмесімен, осы құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атауы туралы мәліметтермен танысуға болатын орын туралы ақпарат қоғам жарғысына сәйкес көрсетіледі.

57. Акцияларды шығару проспектісіне бірінші басшы, бас бухгалтер қол қояды және қоғамның мөрімен куәландырылады.

Тұрақтандыру банкінің акциялар шығарылымының проспектісіне көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне сәйкес тұрақтандыру банкін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға өкілеттік берілген тұлға қол қояды және қоғамның мөрімен расталады.

Көрсетілетін қызметті берушінің банктің акциялар шығарылымы проспектісіне «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-2-бабы негізінде жарияланған акциялардың саны өскен жағдайларындағы енгізген өзгерістері мен толықтыруларына көрсетілетін қызметті берушінің бірінші басшысы не оның орынбасары қол қояды және ол мөрмен расталады.

58. Тұрақтандыру банкі акциялар шығарылымы проспектісінің 7, 8, 9, 11, 12, 13, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 27, 28, 29, 30, 33, 41, 42, 43, 44, 45, 47, 48, 49, 51, 53-тармақтарын толтырмайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен бекітілген

# «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) .

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі комитеті ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш бергенде – күнтізбелік отыз күн ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – қағаз жеткізгіштегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) және көрсетілетін қызметті берушінің оны мемлекеттік тіркегені туралы белгісі бар (мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген кезде) қағаз жеткізгіштегі облигациялар шығарылымы проспектісінің ( облигациялық бағдарлама) немесе облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялар шығарылымының бір данасы не осы мемлекеттік көрсетілетін стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша

мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың себептері жазылған дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алуға өтініш берген жағдайда нәтиже электрондық форматта ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолымен расталады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың себептері жазылған дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш берген кезде қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) еркін нысандағы өтінішті;

2) көрсетілетін қызметті алушы органының облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу, облигацияларды орналастыру нәтижесінде көрсетілетін қызметті алушы алған қаражатты пайдалану тәртібі, облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялардың саны мен түрі, облигациялардың номиналды құны, облигацияларды ұстаушылардың құқықтары туралы мәліметтерді қамтитын облигацияларды шығару туралы шешімінің көшірмесін;

3) облигациялар шығарылымының проспектісі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіште (мемлекеттік тілде және орыс тілінде) екі данада және Acrobat Reader форматындағы мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі электрондық жеткізгіште (қоғамның қаржылық есептілігінсіз). Екі дананың әрқайсысында облигациялар шығарылымының проспектісі мемлекеттік тілде және орыс тілінде болады;

4) жарғының көшірмесі;

5) инфрақұрылымдық облигациялар, сондай-ақ банк кепілдігімен қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етудің болуын растайтын құжаттар;

6) көрсетілетін қызметті алушының облигациялар шығарылымы проспектісінде қор биржасының сауда жүйесінде осы облигациялардың айналымы көзделген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының және ол шығаратын облигациялардың қор биржасының тізіміне көрсетілетін қызметті алушы облигацияларын енгізуге және олардың тізімде болуына қойылатын талаптарға сай келуі туралы қор биржасының қорытындысын, сондай-ақ қор биржасының листинг комиссиясының көрсетілетін қызметті алушының бағалы қағаздар шығару проспектісіне инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді енгізу жөніндегі ұсынымдарын ұсынуға тиісті.

7) егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларды шығару көрсетілетін қызметті алушы акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының алдын ала шешім қабылдауынсыз жүзеге асырылмайтын болса, облигацияларды шығару туралы шешім қабылданған акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесін (хаттамадан үзінді көшірмені) және бұқаралық ақпарат құралдарының акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама жарияланған бетінің көшірмесін ұсынуы қажет.

Көрсетілетін қызметті алушы агенттік облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттармен қатар 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес қаржы агенті ретінде экономика салаларында айқындалған мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға оның өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесін береді.

Көрсетілетін қызметті беруші тіркеген облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін көрсетілетін қызметті алушы:

1) еркін нысанда жазылған өтінішті;

2) облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған проспектісін қағаз жеткізгіште (мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі) екі данада және Acrobat Reader форматында электрондық жеткізгіште (қоғамның қаржылық есептілігін қоспағанда) бір данада мемлекеттік тілде және орыс тілінде ұсынады. Бұл ретте екі дананың әрқайсысында мемлекеттік тілегі және орыс тіліндегі облигациялық бағдарламалар шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісі бар;

3) көрсетілетін қызметті алушы органының облигацияларды шығару,

орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу, облигацияларды орналастыру нәтижесінде эмитент алған қаражатты пайдалану тәртібі, облигациялардың шығарылу көлемі, саны мен түрі, облигациялардың нақтылы құны, облигациялар ұстаушылардың құқықтары туралы мәліметтер бар облигациялар шығару туралы шешімінің көшірмесін ұсынады.

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВВ-» төмен емес ең төменгі кредиттік рейтингі не басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес көрсетілетін қызметті алушысы облигацияларының шығарылымын (шетел валютасында номинирленген облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді қоспағанда) мемлекеттік тіркеу үшін:

1) еркін нысанда жазылған өтінішті;

2) көрсетілетін қызметті алушы облигацияларды, шығарылым көлемін, облигациялардың санын және түрін, облигациялардың номиналды құнын, облигациялар ұстаушылар құқықтарын орналастыру нәтижесінде қаражатты пайдаланып алған облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртібі туралы мәліметтері бар, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармалары нотариатта куәландырылған облигациялар шығарылымдары туралы көрсетілетін қызметті алушы органы шешімінің көшірмесін;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына сәйкес нысанда қағаз жеткізгіште (мемлекеттік тілде және орыс тілінде) екі данада және Acrobat Reader форматында электрондық жеткізгіште (проспектінің электрондық нұсқасы көрсетілетін қызметті алушының қаржылық есептілігін қоспағанда мемлекеттік тілде және орыс тілінде ұсынылады) екі дана етіп мемлекеттік тілде және орыс тілінде жасалған облигациялар шығарылымының проспектісін ұсынады. Бұл ретте екі дананың әрқайсысында мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі облигациялар шығарылымы проспектісі бар

4) мемлекеттік тілге және орыс тіліне аударылған нотариат куәландырылған жарғының көшірмесін және оның тұрған жеріндегі мемлекеттің заңнамасына сәйкес заңды тұлға ретіндегі көрсетілетін қызметті алушының тіркелгенін растайтын құжаттың мемлекеттік тілге және орыс тіліне аударылған нотариатта куәландырылған көшірмесін;

5) қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етудің болуын растайтын құжаттар;

6) облигацияларды ұстаушылар өкілімен шарттың көшірмесін;

7) егер көрсетілетін қызметті алушының облигациялар шығарылымының проспектісінде осы облигациялар қор биржасының сауда жүйесінде айналыста болуы көзделсе көрсетілетін қызметті алушының және ол шығаратын

облигациялардың қор биржасы тізімінің «(ең жоғары санат) рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздар» санатының «борыштық бағалы қағаздар» секторына енгізуіне және олардың сонда болуына қойылатын талаптарға сәйкес келетіні туралы қор биржасының қорытындысын, сондай-ақ инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді көрсетілетін қызметті алушының бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне енгізу жөнінде қор биржасының листинг комиссиясының ұсынымдарын береді.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-қосымшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының көрсетілетін қызметті алушы-резиденті еместің немесе халықаралық қаржы ұйымдарының шетелдік валютада номинирленген облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі осы тармақтың 4-бөлігіндегі 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-қосымшасында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдары мыналарды береді:

1) еркін нысанда жазылған өтінішті;

2) эмитенттің облигацияларды, шығарылым көлемін, облигациялардың санын және түрін, облигациялардың номиналды құнын, облигациялар ұстаушылар құқықтарын орналастыру нәтижесінде қаражатты пайдаланып алған облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртібі туралы мәліметтері бар, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармалары нотариатта куәландырылған облигациялар шығарылымдары туралы эмитент органы шешімінің көшірмесін;

3) тиісті қаржы ұйымының ішкі құжаттарына сәйкес қағаз жеткізгіште ( мемлекеттік және орыс тілдерінде) екі данада және Acrobat Reader форматында электронды жеткізгіште (қоғамның қаржылық есебін қоспағанда) бір данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған облигациялар шығарылымының проспектісін. Бұл ретте екі дананың әр қайсысында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі облигациялар шығарылымы проспектісі бар.

Айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигацияларды мемлекеттік тіркеу үшін көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттар ұсынады:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 5-қосымшасында сәйкес нысанда жасалған айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигацияларды мемлекеттік тіркеуге сұрау салу;

2) қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға көрсетілетін қызметті алушының сәйкестігі туралы қор биржасының қорытындысы.

Порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктеріндегі тармақшаларда көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері түріндегі құжаттар электрондық сұрау салуға тіркеледі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғаларының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

10. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсынудың талаптары мен тәртібін бұзса және құжаттарды қарау барысында олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні анықталғанда;

2) көрсетілетін қызметті алушы және облигациялық бағдарламаны немесе облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға (Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымын қайта құрылымдауды жүргізген кездегі қаржы ұйымын қоспағанда) облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден, егер :

1) осы облигациялық бағдарлама шеңберінде шығарылған облигациялар бойынша қор биржасындағы сауда-саттық тоқтатыла тұрса;

2) осы облигациялық бағдарлама шеңберінде шығарылған облигациялардың делистингі жүргізілсе;

3) облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нәтижесінде айналыста жүрген облигациялар шығарылымдарының жалпы сомасы осындай облигациялық бағдарламаның тіркелген көлемінен асып.

## 3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша

**шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымдарды портал арқылы «жеке кабинеттен» жіберген жағдайда шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

## Облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісі

Облигациялар шығарылымы (облигациялық бағдарлама) проспектісінің мәтінінде эмитенттің қаржылық жай-күйі мен қызметі туралы ақпарат бар.

1. Облигациялар шығарылымы проспектісінің бірінші бетінің парағында:

1) құжаттың атауы: «Облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісі»;

2) эмитенттің толық және қысқартылған атауы;

2-1) акциялар шығарылымының проспектісі жасалған және қаржылық көрсеткіштер берілген күні;

3) орналастырылатын облигациялардың түрі және саны бар. Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде облигациялық бағдарламаның жиынтық көлемін көрсету керек;

4) «Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу

шығарылым проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болмасын ұсыным беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымы проспектісінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі ғана қаралады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайылығын және эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды» деген жазба.

Облигациялар шығарылымы (облигациялық бағдарлама) проспектісінің мәтіні мыналардан тұрады:

## 1. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

2. Эмитенттің атауы.

Осы тармақта эмитенттің толық және қысқаша атауын көрсету керек.

Егер эмитент жарғысында оның толық және қысқаша атауы шет тілінде көзделген болса, онда осындай атауды қосымша көрсету керек.

Эмитент атауы өзгерген жағдайда оның осының алдындағы атауының толық және қысқарған түрі, сондай-ақ оның өзгертілген күні көрсетілуі керек.

Егер эмитент заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдастырылуы негізінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар мен эмитенттің заңды мұрагерлеріне қатысты мәліметтерді көрсету қажет.

3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер. Осы тармақта эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы және эмитенттің алғашқы тіркелген күні көрсетілуі қажет.

4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсының нөмірлері, электрондық почтасының мекенжайы туралы ақпарат.

6. Эмитенттің банктік деректемелері.

7. Эмитент қызметінің түрлері.

8. Егер эмитент қаржы агенттігі болып табылса, мынадай мәліметтерді көрсету қажет:

1) эмитент соған сәйкес Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексіне сәйкес қаржы агенттігі ретінде экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатын іске асыруға уәкілетті болатын құжат;

2) қаржы агенттігі мәртебесін иелену күні (бар болса).
9. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингілік агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингілік агенттіктері тағайындаған рейтингілердің болуы туралы мәліметтер.
10. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекенжайы.
11. Эмитенттің соңғы аяқталған үш қаржы жылына қаржылық есебіне қаржылық есеп беру аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның (фамилиясы , аты, болса аудитордың аты-жөні), олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы. Проспектті көрсетілетін қызметті берушіге ұсыну алдындағы үш жыл ішінде тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заң және қаржылық мәселелер бойынша кеңесшілердің, олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы. Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттың бұзылуы орын алған жағдайда, оның бастамашысы болған тарапты көрсете отырып шарттың бұзылу себебі туралы ақпарат ұсынылуы тиіс.
12. Эмитенттің корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні (оның қабылдануы қоғамның жарғысында қаралған жағдайда).

## 2. Эмитенттің басқару органдары

13. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы. Осы тармақта эмитенттің басқару органдарының құрылымы және олардың Қазақстан Республикасының заңдарына, эмитенттің жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес құзыреті көрсетіледі.
14. Эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) мүшелері. Осы тармақта:
1) эмитенттің директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) мүшелерінің әрқайсының, оның ішінде директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) төрағасының фамилиясы, аты, болған жағдайда - әкесінің аты, туған жылы және осы тұлғалар қызметіне кірісу күні;
2) директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің әрқайсының фамилиясы, аты, болған жағдайда - әкесінің аты және осы тұлғалар қызметіне кірісу күні;
3) эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесі) әрбір мүшелерінің соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын, оның ішінде қоса атқарған қызметтері хронологиялық тәртіппен;
4) эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) әрбір мүшелерінің әрқайсының қатысу үлесін көрсете отырып эмитенттің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталына (акцияларына/үлесіне) қатысуы;

5) өткен екі жыл ішіндегі директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) құрамындағы өзгеріс көрсетіледі.

14-1. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері (ондай болған жағдайда). Осы тармақта эмитенттің директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) атауын (атауларын), оның (олардың) құзыретін, эмитенттің директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) әр мүшесінің аты-жөні, бар болса - әкесінің аты және туған жылы және олардың қызметтеріне кірісу күні көрсетілу тиіс.

14-2. Ішкі аудит қызметі (бар болса).

Осы тармақта қоғамның ішкі аудит қызметі басшысының тегін, атын, бар болса - әкесінің атын және оның қызметіне кірісу күнін көрсету қажет.

15. Эмитенттің атқарушы органы. Осы тармақта:

1) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функциясын жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, бар болса - әкесінің аты және туған жылы не эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысының тегі, аты, бар болса - әкесінің аты және туған жылы;

2) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғасы не эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсының соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын, оның ішінде қоса атқарған қызметтері хронологиялық тәртіппен, олардың қызметтеріне кірісу күні және өкілеттері;

3) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғасының не эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшелерінің әрқайсының қатысу үлесін көрсете отырып эмитенттің және ұйымдардың төленген жарғылық капиталына қатысуы көрсетіледі.

16. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттігі басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілсе, онда осы тармақта:

1) басқарушы ұйымның толық және қысқаша атауын;

2) осы ұйымның жеке дара атқарушы органының функциясын жүзеге асыратын тұлғаның аты-жөнін және туған жылын не оның алқалы атқарушы органының және оның директорлар кеңесінің (қадағалау кеңесінің) мүшелерінің аты-жөнін және туған жылдарын;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалардың соңғы екі жылда атқарған, оның ішінде өклеттіктерін көрсете отырып қоса атқарған, қызметтерін хронологиялық тәртіппен;

4) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалардың эмитенттің, оның еншілес және басқарушы ұйымының, оның ішінде акционерлік қоғамның төленген жарғылық капиталына (акцияларын/үлесіне) қатысуын көрсету керек.

Осы тармақты акционерлік қоғамдар толтырмайды.

17. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, эмитенттің атқарушы органының

мүшелеріне және эмитенттің басқа басқарушы тұлғаларына төленетін сыйақылар .

Осы тармақта осы Қосымшаның 14, 14-1 және 15-тармақтарында көрсетілген тұлғалардың облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннің алдындағы соңғы үш айда алған сыйақысының (ақшалай, бағалы қағаздармен немесе қандай да болмасын басқа нысанда) жалпы мөлшері, сондай-ақ облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап соңғы он екі ай ішінде аталған тұлғаларға төленетін сыйақының жоспарланған жалпы мөлшері көрсетіледі.

18. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

Осы тармақта:

1) эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары және өкілдіктері;

2) эмитент қызметкерлерінің, оның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны;

3) эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер көрсетіледі.

## 3. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) және аффилиирленген тұлғалары

19. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).

Осы тармақта:

1) эмитент (егер эмитент акционері (қатысушысы) заңды тұлға болып табылса осы заңды тұлғаның ірі не осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылары көрсетіледі) акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны және эмитент үлестерінің (орналастырылған және дауыс беруші акцияларының) он және одан да көп пайызын иеленген акционерлерлері (толық және қысқартылған атауы, заңды тұлғаның мекенжайы не жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) туралы ақпарат;

2) эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдары арқылы эмитенттің қызметін бақылау құқығы бар тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер эмитент банк болып табылған жағдайда, осы тармақта, осы тармақтың 1) -2) тармақшаларында аталған ақпараттардан басқа, банктің орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленген, банктің орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама дауыс беруге не банк шарттың күшімен немесе өзге жағдаймен эмитент қабылдаған шешімге ықпал етуге мүмкіндігі бар акционерлер туралы

ақпаратты көрсету керек.

20. Эмитенттің заңды тұлғаларының толық атауын, орналасқан жерін, оның жарғылық капиталындағы эмитенттің акцияларының (үлестерінің) пайыздық қатынасын, қызмет түрін, аты-жөнін және бірінші басшысының атын көрсете отырып, акциялардың (үлестердің) он және одан да көп пайызын иеленген заңды тұлғалар туралы мәліметтері.

21. Эмитент қатысатын өндірістік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

22. Эмитенттің басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер. Осы тармақта заңды тұлғаның толық атауын (аты-жөні, бар болса - жеке тұлғаның әкесінің аты), оның орналасқан жері, қызметінің түрін, бірінші басшысының аты-жөнін көрсете отырып осы Ереженің 13, 13-1, 14, 18, 19-тармақтарына сәйкес көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмитенттің аффилиирленген тұлғалары болып табылатын барлық тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

23. Эмитенттің аффиллиирленген тұлғаларының қатысуымен жасалған операциялар. Осы тармақта заңды тұлғаның атауы және оның мекенжайы және/немесе аты, тегі, бар болса - жеке тұлғаның әкесінің аты және туған жылы, мәміле жасалған сомасы және осы шешімді эмитенттің қандай органы қабылдаған қорытындысының күндері көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмитентке қатысты аффилиирленген болып табылатын ұйымдардың қатысуымен соңғы жылда эмитент жүргізген барлық операциялар туралы ақпарат ашылады.

23-1. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде аффилиирленгендігін тану үшін негізді және оның туындаған күнін көрсете отырып секьюритилендіру мәмілесі тараптарының аффилиирленгендігі туралы ақпарат ашылады.

## 4. Эмитент қызметінің сипаты (эмитент IAS 27 қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес топтың құрамына кірген жағдайда, осы тарау барлық топтың шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде, сондай-ақ эмитенттің өзінің қаржылық есептілік негізінде де толтырылады)

24. Эмитент қызметінің жалпы үрдістері, оның ішінде эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша қысқаша сипаты.

Осы тармақта:

1) эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

2) эмитент қызметінің Қазақстан Республикасының ішіндегі салалық орташа

және егер бұл мүмкін болса, әлемдік орташа көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттамасы;

3) саланың болашақтағы дамуына қатысты болжам және эмитенттің осы саладағы жағдайы көрсетіледі.

25. Эмитентпен жасасқан, салдарынан эмитенттің қызметіне елеулі түрде ықпал ететін келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

26. Эмитент қызметін жүзеге асыру үшін алынған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы, құжаттың нөмірі және күнін, қолданылу мерзімін және осы құжатты берген орган көрсетілген мәліметтер.

27. Соңғы екі жылда немесе нақты жұмыс істелген кезеңде сатылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызмет көрсетудің) нақты немесе сандық өлшем бірліктерімен көрсетілген көлемі. Эмитенттің соңғы екі жылда немесе нақты жұмыс істелген кезеңде сатылған өнімінің (көрсетілген жұмыстың, қызметтің) көлеміндегі өзгерістерге талдау жасау.

28. Эмитенттің негізгі қызметінің түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

29. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуді) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі. Осы тармақта эмитенттің негізгі жеткізушілері және тұтынушылары туралы мәліметтер көрсетіледі, эмитенттің жұмыс істеп тұрған жеткізушілерге және тұтынушыларға тәуелді болу дәрежесі, оның ішінде:

1) эмитенттің барлық жеткізілімінің он және одан көп пайызы тиесілі болатын жеткізушілерінің атауы және орналасқан жері, олардың үлестері пайызбен көрсетіледі. Осы дерек көздеріне болашақта рұқсат беруге қатысты болжамдар ұсынылуы тиіс;

2) үлесіне эмитенттің өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуін) сатудан түскен жалпы түсімнің он және одан көп пайызынан астамы тиесілі болатын тұтынушылардың атауы және орналасқан жері, олардың сатудың жалпы көлеміндегі үлестері пайызыбен көрсетіледі. Эмитенттің өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуін) сатуға әсер етуі мүмкін теріс факторлар ашылады.

30. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар:

1) эмитент қызметінің маусымдылығы, эмитент қызметінің маусымдық сипаттағы түрлері және олардың эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі;

2) импорттың эмитентке жеткізілген (көрсетілген) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтегі) үлесі және эмитенттің экспортқа сатқан өнімінің (жұмыстарының, қызметінің) сатылған өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі;

3) облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалуы тиіс (жасалған) немесе орындалуы тиіс (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер, егер осы мәміленің (мәмілелердің) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайыздан асатын болса;

4) болашақтағы міндеттемелер. Эмитенттің болашақтағы негізгі міндеттемелері және осы міндеттемелер эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін теріс ықпалы ашылады, оның ішінде осы эмитент, облигациялардың саны, кепілдік беру шарттары, өтеу күні және кепілдік берілген шығарылымның валютасы туралы ақпаратты қоса отырып, өзге эмитенттердің үшінші тұлғалардың кепілдік беруімен қамтамасыз етілген облигациялары бойынша эмитенттің кепілдік беруі туралы;

5) эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Эмитенттің қатысуымен өткен, нәтижесінде эмитент қызметінің тоқтатылуы немесе шектелуі , оған маңызды ақшалай және өзге де міндеттемелер берілуі мүмкін сот процестерінің мәніне сипаттама беру керек;

6) уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе сот соңғы жыл ішінде эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына қолданған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер. Санкция қолданылған күнді, санкция қолданған органды, санкция қолдану себептерін, санкцияның түрлерін және мөлшерін, сондай-ақ санкцияның орындалу дәрежесін көрсету керек;

7) тәуекел факторлары. Облигациялардың ұстаушылары ұшырауы мүмкін тәуекел факторларына нақты талдау жасау керек;

8) эмитенттің қызметі туралы, эмитент өзінің қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат.

## 5. Қаржылық жай-күй

31. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын материалдық активтердің түрлері .

32. Баланстық құны негізгі құрал-жабдықтың жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын негізгі құрал-жабдықтың түрлері.

33. Инвестициялар. Осы мәселе бойынша ақпарат мынадай құрылымда ұсынылуы тиіс: басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялар, ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық портфель.

34. Дебиторлық берешек. Осы тармақта эмитенттің алдында дебиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан көп пайызы мөлшерінде дебиторлық берешегі бар ұйымның атауын көрсете отырып дебиторлық берешектің құрылымы не эмитенттің неғұрлым ірі он дебиторының тізімі ашылады.

34-1. Әрбір активтің құны және тиісті шарттардың қолданылуы аяқталған күні көрсетілген, эмитенттің міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын, сондай-ақ сенімгерлікпен басқаруға берілген, жалпы активтері

көлемінің кем дегенде он пайызын құрайтын эмитенттің активтері туралы мәліметтер.

35. Осы тармақта эмитенттің жарғылық және меншікті капиталының мөлшері көрсетіледі.

36. Заемдар.

Осы тармақта қолданылып жүрген банктік заемдар және кредиттік желілер, олардың валютасы, сыйақы ставкалары, қамтамасыз ету түрлері туралы ақпарат ашылады. Жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсан бойынша бөлінуі тиіс, қалған сомалар жылдар бойынша бөліне отырып ұсынылады.

37. Эмитенттің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешегі (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар).

Осы тармақта эмитент өзінің кредиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан көп пайызы мөлшерінде берешегі бар ұйымның атауын көрсете отырып, кредиторлық берешектің құрылымы не эмитенттің бірінші он неғұрлым ірі кредиторлық тізімі ашылады.

37-1. Эмитенттің соңғы үш аяқталған қаржы жылы ішінде алған (шеккен) кірістің (шығынның) мөлшері (үш жылдың ішіндегі әр жылдың қорытындысы бойынша бөлігінде).

37-2. Левередж. Осы тармақта эмитенттің левередж шамасы соңғы үш жылдың әр аяқталған қаржы жылының бірінші күнгі, сондай-ақ облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарлама) проспектісін беру алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

37-3. ҚР ҚҚА Басқармасының 2009.29.04. № 89 қаулысымен алынып тасталды

37-4. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы аяқталған екі қаржы жылының бір жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны көрсетіледі.

## 6. Бағалы қағаздар шығарылымдары туралы мәліметтер

38. Облигациялар шығару туралы шешім қабылданғанға дейін эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдарына қатысты:

1) әрбір шығарылым облигацияларының жалпы саны, түрі және номиналдық құны, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған облигациялардың саны, сондай-ақ орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, негізгі борыш сомасы, әрбір шығарылым бойынша сыйақының аударылған және төленген сомасы, сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, осындай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні

;

2) құрылтайшылар төлеген акцияларының жалпы саны, түрі және номиналдық құны, сондай-ақ акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі. Соңғы күнге сатып алынатын бағасы көрсетілген, өтелген, айналыста болатын акциялардың саны. Акцияны сатып алу әдістемесі бекітілген күн. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, осындай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні;

3) орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және осы сияқтылардың орындау мерзімі, бағалы қағаздар бойынша (шығарылымдары және түрлері бойынша жеке) есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы туралы ақпаратты қоса отырып, эмитенттің өзінің бағалы қағаздар ұстаушылар алдында орындалмаған міндеттемелерінің фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыларды төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу (төлеуді кешіктіру);

4) егер бағалы қағаздардың қандай да болмасын шығарылымы тоқтатылған немесе жарамсыз болып танылған не күші жойылған жағдайда осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік органды, оларды қабылдау негіздері және күні;

5) әрбір тіркелген шығарылым бойынша сыйақы төлеу күндері, төлеуге жататын сомалар, сатып алған күндері және әрбір шығарылым бойынша өтеу кезінде төленген сомалар;

6) соңғы екі қаржылық жылының әрбір жылындағы немесе нақты жұмыс істеу кезеңіндегі бір акцияға (жай, артықшылықты) дивидендтердің есептелген сомасы және төленген дивидендтердің сомасын көрсете отырып, дивидендтің мөлшері;

7) сауда-саттық ұйымдастырушылардың атауын қоса отырып, эмитенттің бағалы қағаздарымен сауда жүзеге асырылатын негізгі нарықтары;

8) бұрын шығарылған облигациялардың әрбір түрі бойынша олардың ұстаушыларына берілетін құқықтар, оның ішінде шектеулерді (ковенантты) бұзғанда іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар. Ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетіледі.

## 7. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер (бұл бөлім облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде толтырылмайды)

39. Облигациялар туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі (купондық немесе дисконттық, инфрақұрылымдық немесе арнайы қаржы компаниясы шығаратын), қамтамасыз етудің болуы (толық немесе ішінара қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген, оның ішінде реттелген), номиналдық құнын немесе сыйақы мөлшерін (индекстелген) есептеу сипаты;

2) шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі (облигациялар шығарылымының жалпы көлемін номиналдық құны бойынша көрсету керек);

3) бір облигацияның номиналдық құны;

4) облигацияларды орналастырудың басталған күні және айналысының басталған күні;

5) облигациялар бойынша мыналар қоса көрсетілген сыйақы:

облигациялар бойынша сыйақы ставкасы;

сыйақыны, кезеңділікті есептеу басталатын күн және сыйақы төленген күн, оны төлеу тәртібі және талаптары (егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған жағдайда, төлем валютасы және айырбастау бағамы көрсетіледі);

сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі;

индекстелген облигациялар шығару кезіндегі есептеу тәртібі.

Егер сыйақы ставкасы белгіленбеген болса, оның мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі;

6) мыналар қоса көрсетілген облигациялардың айналысы және оларды өтеу туралы мәліметтер:

облигациялардың айналыс мерзімі және оларды өтеу талаптары;

облигацияларды өтеу күні;

облигациялар өтелетін орын (орындар), облигацияларды өтеу тәсілі;

орны және облигацияларды эмитент кассасы арқылы қолма-қол ақшамен өтеу кезінде өтініш жасауға болатын тұлғалар;

7) облигацияларды төлеу талаптары мен тәртібі:

облигацияларды (осы эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигацияларды қоса алғанда) төлеудің талаптары, тәртібі, есеп айырысу тәсілдері, оның ішінде қайта құрылымдау жоспарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып көрсетіледі;

8) облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде):

қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда:

толық немесе ішінара қамтамасыз ету, кепіл мәні, оның құны және кепіл мәнін өндіріп алуға өтініш жасау тәртібі;

облигацияларды қамтамасыз ету туралы шарттың талаптары;
егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе - атауын, орналасқан жерін, байланыс телефондарын, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері көрсетіледі;
9) арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде қосымша:
тиісті шарттардың нөмірлері мен жасалған күндерін көрсете отырып, оригинатордың, кастодиан-банктің, басқарушы агенттің және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;
секьюритилендіру мәмілесінде оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;
талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;
оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы;
талап ету құқықтарының біртектілік критерийлері;
секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы мен болжамдық талдауы;
қосымша қамтамасыз ету туралы мәліметтер;
осы облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигациялардың әртүрлі шығарылымдарын өтеу кезектілігі көрсетіледі;
10) облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, бірінші басшының, атқарушы орган мүшелерінің тегі, аты, бар болса - әкесінің аты);
11) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде концессиялық шарттың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері көрсетіледі;
12) облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі:
тіркеушінің атауы, оның орналасқан жері, телефон нөмірлері, шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі;
13) төлем агенті туралы мәліметтер:
оның атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, тиісті шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі;
14) эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімнен бұрын өтеу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде көзделсе):
эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу құқығын іске асыру

тәртібі, талаптары және мерзімдері көрсетіледі;

15) ақысы эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны қосымша көрсетіледі;

16) облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйымдар туралы мәліметтер (егер осындай ұйыммен шарт жасау міндеті «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының талаптарында көзделсе);

17) мыналар:

эмитенттен шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайызын алу не өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;

эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқықтары - осы проспектіде белгіленген, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзған кезде осы құқықты іске асыру талаптары, тәртібі мен мерзімдері;

егер сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілген жағдайда осы құқықтарды, олардың сақталу тәсілдерін, бағалау тәртібін және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібінің сипаттамасы қоса көрсетілген облигацияның өз ұстаушысына беретін құқықтары;

18) эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдері мен тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзғаны туралы хабардар ету тәртібі;

19) басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар көрсетіледі.

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитенттің қандай шаралар қолданатыны, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары көрсетіледі.

Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себебін, сондай-ақ эмитентке, эмитенттің

облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талап қою тәртібін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің, мерзімінің және тәсілінің толық сипаттамасы көрсетіледі. Егер көрсетілген ақпаратты жария етуді эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырса, осы тұлғаның атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі.

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі көрсетіледі;

20) опциондар туралы ақпарат:

егер опциондар эмитенттің облигацияларын сатып алуға мүмкіндік берсе, онда осы тармақшада опцион жасау талаптары көрсетіледі;

21) қор биржасының листинг комиссиясының эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қажетті қосымша шектеулерді енгізу жөніндегі ұсынымдары.

Қор биржасының листинг комиссиясының эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қажетті қосымша шектеулерді енгізу жөніндегі ұсынымдарын эмитенттің қабылдау немесе қабылдамау негіздемесі көрсетіледі.

39-1. Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде.

40. Айырбасталатын облигациялар:

айырбасталатын облигациялар шығарылған және орналастырылған жағдайда облигация айырбасталатын акциялардың түрі, санаты, саны және орналастыру бағасы, акциялар бойынша құқықтары, сондай-ақ осындай айырбастау тәртібі мен шарттары көрсетіледі (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталатын болса, онда айырбастау аяқталу күнінен соң бір ай ішінде облигациялар шығарылымының күші жойылады, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, онда осы шығарылымның сатып алынған облигациялары бұдан әрі орналастырылмайды, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні жөнінде көрсету қажет).

41. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) облигацияларды, оның ішінде ұйымдастырылмаған нарықта

орналастырудың басталу және аяқталу күні;
2) акцияларға айырбасталған облигацияларды орналастырған кезде айырбастау шарттары көрсетіледі;
3) облигациялар орналастыруға қатысқан ұйымдар туралы мәліметтер:
облигациялар орналастыруға қатысқан ұйымдардың атауы, орналасқан жері, тиісті шарттардың күні және нөмірі көрсетіледі;
41-1. Эмитент қабылдайтын өзге шектеулер (ковенанттар) және заңмен көзделмеген (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе).
Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі эмитенттің және облигациялар ұстаушылардың әрекет ету тәртібі, оның ішінде облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу бойынша эмитенттің іс-әрекеттері толық жазылады.
42. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану. Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаларды қолдану мақсаттары және тәртібі көрсетіледі, сондай-ақ осындай өзгерістерді көрсете отырып алынған ақшаны бөлулерді жоспарлау кезіндегі болуы мүмкін өзгерістер пайда болған кездегі талаптар көрсетіледі.
Арнайы қаржы компаниясының облигациялар шығарылған кезде:
бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;
секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметті төлеумен байланысты шығыстар және соларға сай арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден есептен шығаруға құқылы болатын шарттар көрсетіледі.
Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдалануы туралы мәліметтер көрсетіледі, сондай-ақ осындай өзгерістерді көрсете отырып алынған ақшаны бөлулерді жоспарлау кезіндегі болуы мүмкін өзгерістер пайда болған кездегі талаптар көрсетіледі.
Инфрақұрылымдық облигациялары шығарылған кезде: жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметін төлеумен байланысты шығыстар; облигациялар ұстаушылардың алдындағы эмитенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуі болып табылатын мүліктің сипаттамасы көрсетіледі.

## 8. Қосымша ақпарат

43. Облигациялар айналысындағы шектеулер.
Облигациялар айналысындағы кез келген шектеулер, орналастырылатын облигациялардың ықтимал сатып алушыларына қатысты шектеулер, оның ішінде арасында облигацияларды орналастыру жоспарланған тұлғалар тобы көрсетіледі.
44. Облигациялар шығарылымына кеткен шығындардың сомасы және осы

шығындар қандай тәсілмен төленетіндігі туралы мәліметтер.

45. Инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен және облигациялар шығарылымның проспектісімен, облигацияларды орналастыру жиынтығы туралы есеппен және эмитент қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары таныса алатын орындар туралы ақпарат.

Облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісіне эмитенттің бірінші басшысы, бас бухгалтері немесе олардың орнын ауыстыратын адамдардың қолы қойылады және эмитент мөрінің таңбасымен куәландырылады. Проспектісінің әрбір данасы эмитенттің соңғы екі қаржы жылының аудиторлық есептермен және тігілген және нөмірленген парақтардың санын көрсетіп облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісін мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша қаржылық есеппен расталған жылдық қаржылық есептерімен бірге тігіледі және тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Мөрдің таңбасы жартылай қағаз пломбаға, жартылай құжаттың парағына басылуы және бірінші басшысының немесе оның орнын ауыстыратын тұлғаның қолымен куәландырылуы тиіс.

«Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

## Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының проспектісі

1. Осы облигациялар шығарылымы (эмитенттің толық атауы) облигациялық бағдарлама проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні;

шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай көлемі;

облигациялар шығарылымының реттік нөмірі;

облигациялардың бұрынғы шығарылымдары туралы мәліметтер ( шығарылымның көрсетілетін қызметті берушіде тіркелген күні, облигациялар саны, номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі және осы облигациялық бағдарлама шегінде әрбір шығарылым бойынша жеке-жеке орналастырылған облигациялардың саны);

бұрын облигациялық бағдарлама аясында шығарылған облигациялардың әрбір түрімен олардың ұстаушыларына берілетін құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенантты) бұзғанда іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар. Ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетіледі.

3. Шығарылымның құрылымы:

1) облигациялардың түрі (купондық, дисконттық, қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген);

2) шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі (облигациялар шығарылымының жалпы көлемін номиналдық құны бойынша көрсету керек);

3) бір облигацияның номиналдық құны;

4) облигациялар бойынша мыналар қоса көрсетілген сыйақы:

облигациялар бойынша сыйақының ставкасы;

сыйақыны есептеу басталатын күн, сыйақы төлеудің кезеңділігі және күні, тәртібі және оны төлеудің шарттары (егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, төлем валютасы және айырбастау бағамы көрсетіледі);

сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі;

индекстелген облигациялар шығару кезіндегі есептеу тәртібі.

Егер сыйақының ставкасы белгіленбеген болып табылса, оның мөлшерін белгілеу тәртібі көрсетіледі;

5) мыналар қоса көрсетілген облигациялардың айналысы және өтеу туралы мәліметтер:

облигациялар айналысының басталу күні;

облигациялардың айналыс мерзімі және оларды өтеу шарттары;

облигацияларды өтеу күні;

облигациялар өтелетін орын (орындар);

облигацияларды өтеу тәсілі;

6) облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған кезде):

қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда:

кепіл пәні, оның құны және кепіл пәнін өндіріп алу тәртібі;

облигацияларды қамтамасыз ету жөніндегі шарттың талаптары көрсетіледі;

егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе - атауын, орналасқан жерін, байланыс телефондарын, кепілдік мерзімі мен шарттарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері көрсетіледі;

7) облигацияларды ұстаушының өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, облигацияларды ұстаушылар

өкілінің қызмет көрсетуі жөніндегі шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі);

8) тіркеуші туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті көрсету шартының жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі);

9) облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдардың атауы, орналасқан жерлері, тиісті шарттардың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі);

10) төлем агенті туралы мәліметтер (оның атауы, орналасқан жері, тиісті шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі);

11) мыналар көрсетілген облигациямен оның ұстаушысына берілетін құқықтар:

эмитенттен шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құның алу не өзге де мүліктік баламасын алу, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайызын алу құқығын не өзге де мүліктік құқықтарды алу құқықтары;

эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеуін талап ету құқықтары - осы проспектіде белгіленген, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде осы құқықты іске асыру талаптары, тәртібі және мерзімдері көрсетіледі;

12) басталуы бойынша эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар көрсетіледі.

Облигациялар бойынша дефолт жағдайында эмитенттің қандай шаралар қолданатыны, облигациялар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигациялар ұстаушылардың құқығын қорғау рәсімі, оның ішінде міндеттемелердің қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары көрсетіледі.

Эмитент облигациялар ұстаушыларға мәлімет үшін орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себебін, сондай-ақ облигациялар ұстаушылардың өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, оның ішінде эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайдағы эмитенттің міндеттемелері бойынша бірлескен немесе қосымша жауапкершілікті көтеретін тұлғаларға талап қою тәртібін қамтыған дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің, мерзімінің және тәсілдерінің толық сипаттамасы көрсетіледі. Көрсетілген ақпаратты ашу эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырған жағдайда осы тұлғаның толық және қысқартылған атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі;

13) эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімнен бұрын өтеу құқығы (

осы құқығы эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде көзделген жағдайда).

эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары және мерзімдері көрсетіледі;

14) эмитенттің облигациялар ұстаушыларды ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдерін және тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген шектеулер (ковенант) туралы хабардар ету тәртібі;

15) облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:

облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдалану мақсаты мен тәртібі, сондай-ақ алынған ақшаны бөлу жоспарына енгізілуі мүмкін өзгерістерді көрсету кезінде басталатын талаптар көрсетіледі

4. Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде.

5. Эмитент қабылдайтын және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңында көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе).

Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі эмитенттің және облигациялар ұстаушылардың әрекет ету тәртібі, оның ішінде облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу бойынша эмитенттің іс-әрекеттері толық жазылады.

6. Опциондар туралы мәліметтер:

егер опциондар облигацияны ұстаушыға эмитенттің облигацияларын сатып алуға мүмкіндік берсе, осы тармақшада опционды жасау шарттары көрсетіледі.

7. Айырбасталымды облигациялар:

айырбасталымды облигациялар шығарылған және орналастырылған жағдайда облигация айырбасталатын акциялардың түрі, санаты, саны және орналастыру бағасы, акциялар бойынша құқықтар, сондай-ақ осындай айырбасталымның тәртібі мен шарттары көрсетіледі.

8. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі:

облигациялар ұйымдастырылмаған нарықта орналастырылған жағдайда облигацияларды орналастырудың басталу және аяқталу күні (бар болған кезде) көрсетіледі;

2) акцияларға айырбасталған облигациялар жазылу арқылы орналастырылған жағдайда айырбастау шарттары көрсетіледі;

3) облигацияларға төлем жасаудың талаптары мен тәртібі:
облигацияларға төлем жасаудың талаптары, тәртібі, есеп айырысу тәсілдері, оның ішінде құрылымды қайта қарау жоспарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, көрсетіледі.

9. Облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымының проспектісіне бірінші басшысының, бас бухгалтері не олардың орнын алмастыратын тұлғалардың қолы қойылады және эмитент мөрінің таңбасымен куәландырылады, тігіледі және тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Мөрдің бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылады және бірінші басшының немесе оның орнын алмастыратын тұлғаның қойылған қолдарымен куәландырылады.

«Мемлекеттік емес облигациялар
шығарылымын мемлекеттік тіркеу»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

## Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттерінің облигацияларын шығару проспектісі Облигацияларды шығару проспектісінің бірінші беті

Құжаттың атауы: «Облигацияларды шығару проспектісі».
Эмитенттің атауы.
Орналастырылатын облигациялардың түрі, саны, жиынтық көлемі.
Эмитентке берілген рейтингтер және (немесе) рейтинг агенттіктерінің атауларын көрсете отырып, олар шығарған бағалы қағаздар туралы мәліметтер.
Жазбасы: «Комитеттің облигацияларды шығару проспектісін мемлекеттік тіркеуі шығарылым проспектісінде сипатталған облигацияларды инвесторлардың сатып алуына қатысты ұсынымдар беруді көрсетпейді және уәкілетті орган осы құжаттың мазмұнына жауап бермейді».

## 1. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

1. Эмитенттің атауы
Осы тармақта эмитенттің толық және қысқартылған атауын көрсету керек. Егер эмитент жұмыс істеген уақыт ішінде оның атауы ауыстырылса, онда осы тармақта оның бұрынғы барлық толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олар өзгертілген күндер көрсетіледі.
2. Эмитенттің заңды тұлға ретінде құрылуы және тіркелуі жөніндегі мәліметтер.
Осы тармақта эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелгендігін растайтын

құжаттың берілген күні және нөмірі, сондай-ақ осы құжатты эмитентке берген мемлекеттің органының атауы көрсетіледі.

3. Облигацияларды шығару проспектісінде ақпаратты дұрыс көрсетуге жауапты тұлғалардың аты-жөні, әкесінің аты, орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсының нөмірлері, электрондық поштасының мекенжайы туралы мәліметтер.

4. Эмитентті құрудың және қызметінің қысқаша тарихы. Эмитентті құрудың және қызметінің мақсаты. Егер эмитент заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қосылуы, ажыратылуы, бөлініп шығуы не қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылған болса, онда осы тармақта қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар мен эмитентке қатысты жасалған қайта ұйымдастыру және заңды мұрагерлер туралы мәліметтер көрсетіледі.

## 2. Эмитенттің басқару органдары

5. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы.

Осы тармақта эмитенттің басқару органдарының құрылымы және олардың құзыреті эмитент мемлекетінің заңдарына, эмитенттің жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес көрсетіледі.

6. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері (ондай болған жағдайда).

Осы тармақта эмитенттің директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) атауын (атауларын), оның (олардың) құзыретін көрсету қажет.

7. Эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау органының) мүшелері.

Осы тармақта:

1) тәуелсіз директорларды көрсете отырып, эмитенттің директорлар кеңесі ( бақылау органының) мүшелерінің әрқайсының, оның ішінде директорлар кеңесі ( бақылау органының) төрағасының аты-жөнін, туған жылын;

2) эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау органының) әрбір мүшесінің атқарған қызметтері;

3) эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау органының) әрбір мүшесінің оның жарғылық капиталына (акцияларына/үлесіне) қатысуы;

4) өткен екі жыл ішіндегі директорлар кеңесінің (бақылау органының) құрамындағы өзгеріс көрсетіледі.

8. Ішкі аудит қызметі (бар болса).

9. Эмитенттің атқарушы органы (менеджмент).

Осы тармақта:

1) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функциясын жүзеге асыратын тұлғаның аты-жөні және туған жылы не эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсының аты-жөні, туған жылы;

2) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғасының не эмитенттің алқалық атқарушы органы мүшелерінің әрқайсының қазіргі уақытта қоса атқаратын қызметтері;

3) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғасының не эмитенттің алқалық атқарушы органының әрбір мүшесінің әрқайсының жарғылық капиталындағы (акциялар/үлестер) қатысу үлесі көрсетіледі.

10. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, эмитенттің атқарушы органының мүшелеріне төленетін сыйақылар.

Осы тармақта осы Қосымшаның 6 және 7-тармақтарында көрсетілген тұлғалардың облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннің алдындағы соңғы үш айда алған сыйақысының (ақшалай, бағалы қағаздармен немесе қандай да болмасын басқа нысанда) жалпы мөлшері, сондай-ақ облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күнінен бастап соңғы он екі ай ішінде аталған тұлғаларға төленетін сыйақының жоспарланған жалпы мөлшері көрсетіледі.

11. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

Осы тармақта эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары және өкілдіктері, эмитент қызметкерлерінің, оның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны, эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер, бөлімшелер мен филиалдардың қызметкерлеріне келетін жарғылық капиталдағы үлес көрсетіледі. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құрылымдық бөлімшелердің атауын жеке көрсету керек.

## 3. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) және үлестес тұлғалары

12. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).

Осы тармақта:

1) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) (егер эмитент акционері ( қатысушысы) заңды тұлға болып табылса осы заңды тұлғаның ірі акционерлері немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленген қатысушылар көрсетіледі) жалпы саны, заңды тұлғаның атауы, мекенжайы не эмитент орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталындағы үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленген акционерлердің (қатысушылардың) тегі, аты;

2) эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы эмитенттің қызметін бақылау құқығы бар тұлғалар туралы

мәліметтер көрсетіледі.

13. Эмитенттің заңды тұлғаларының толық атауын, орналасқан жерін, оның жарғылық капиталындағы эмитенттің акцияларының (үлестерінің) пайыздық қатынасын, қызмет түрін, аты-жөнін және бірінші басшысының атын көрсете отырып, орналастырылған акциялардың (үлестердің) он және одан да көп пайызын иеленген заңды тұлғалар туралы мәліметтері.

14. Эмитент қатысатын өндірістік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

15. Эмитенттің басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

Осы тармақта заңды тұлғаның толық атауын (жеке тұлғаның аты-жөнін), оның орналасқан жерін (тұрғылықты жерін), қызметінің түрін, бірінші басшысының аты-жөнін, қызметінің түрін көрсете отырып, жасасқан Шарт арқылы немесе өзге жағдаймен эмитент қабылдаған шешімге ықпал ететін не эмитенттің он және одан артық дауыс беруші акцияларымен жанама дауыс беру мүмкіндігі бар барлық тұлғалар немесе тұлғалар тобы туралы мәліметтер көрсетіледі.

16. Эмитенттің аффиллиирленген тұлғаларының қатысуымен жасалған мәмілелер.

Осы тармақта эмитентке қатысты үлестес болып табылатын ұйымдардың қатысуымен соңғы жылда эмитент жүргізген барлық мәмілелер туралы ақпарат ашылады.

## 4. Эмитент қызметінің сипаты

17. Эмитент қызметінің жалпы үрдістері, оның ішінде эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша қысқаша сипаты.

Осы тармақта:

1) эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы қысқаша мәліметтер;

2) эмитенттің бәсекелестерімен қызметінің салыстырмалы сипаттамасы;

3) саланың болашақтағы дамуына қатысты болжам және эмитенттің осы саладағы жағдайы көрсетіледі.

18. Эмитенттің қызметіне кейіннен теріс әсер етуі мүмкін, эмитент жасаған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

19. Эмитенттің өз қызметін жүзеге асыру үшін алынған лицензиялар және басқа рұқсаттар туралы мәліметтері.

20. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар:

1) мәміле сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асқан жағдайда, облигация шығару туралы шешім қабылдаған күнінен бастап

алты ай ішінде жасалуы тиіс немесе орындалуы тиіс (орындалған) мәміле ( мәмілелер) туралы мәліметтер;

2) болашақ міндеттемелер (эмитенттің негізгі болашақ міндеттемелері және осы міндеттемелер эмитенттің қызметіне теріс әсер етуі мүмкін, оның ішінде осы эмитент, облигациялардың саны, кепілдік беру шарттары, өтеу күні және кепілдік берілген шығарылымның валютасы туралы ақпаратты қоса отырып, өзге эмитенттердің үшінші тұлғалардың кепілдік беруімен қамтамасыз етілген облигациялары бойынша кепілдік беруі туралы).

21. Эмитент инвесторлар үшін маңызды деп есептейтін эмитент қызметі туралы басқа да ақпарат.

## 5. Қаржылық жай-күй

22. Эмитент капиталы.

Осы тармақта эмитент елінің валютасы көрсетілген валютадағы эмитенттің меншікті және жарғылық капиталының мөлшері көрсетіледі.

23. Осы тармақта эмитенттің өтімділікті, қаржы тәуелсіздігін (тәуелділігін), эмитенттің активтерін, жеке және заемдық қаражатын пайдалану тиімділігін, жеке қаражаттың заем капиталына қатысын сипаттайтын қаржылық коэффициенттердің есебін, сондай-ақ эмитенттің пікірі бойынша эмитент қызметін бағалау кезінде айрықша мәнді болып табылатын басқа да коэффициенттер ұсынылады.

24. Әрбір активтің құны және тиісті шарттардың қолданылуы аяқталған күні көрсетілген, эмитенттің міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын, сондай-ақ сенімгерлікпен басқаруға берілген, жалпы активтері көлемінің кем дегенде он пайызын құрайтын эмитенттің активтері туралы мәліметтер.

## 6. Бағалы қағаздар шығарылымдары туралы мәліметтер

25. Облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында айналыста болған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарының тіркелген шығарылымдарына қатысты мыналар көрсетіледі:

1) шығарылым облигацияларының жалпы саны және көлемі, сондай-ақ орналастыру кезінде тартылған қаражаттың жалпы көлемі, төленген сыйақы сомасы, нарықтық құн;

2) әрбір тіркелген облигациялар шығарылымы бойынша сыйақы төлеу күндері, төлеуге жататын сомалар, өтеу күндері және әрбір шығарылым бойынша өтеуге жататын сомалар;

3) айналыстағы, оның ішінде сатып алынған акциялардың саны, акциялардың нарықтық құны, соңғы екі жылдағы акциялардың барынша жоғары және

барынша төмен бағасы;
4) бұрын шығарылған бағалы қағаздардың әрбір түрімен олардың ұстаушыларына берілетін құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзғанда іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсетумен;
5) сауда-саттық ұйымдастырушылардың атауын қосқандағы эмитенттің бағалы қағаздармен саудасын жүзеге асыратын негізгі нарықтары.

## 7. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер

26. Облигациялар туралы мәліметтер:
1) шығарылатын облигациялардың түрі (купондық, дисконттық, қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген) және саны;
2) бір облигацияның номиналдық құны;
3) облигациялардың айналыс мерзімі;
4) облигациялар бойынша мыналар қоса көрсетілген сыйақы:
облигациялар бойынша сыйақы ставкасы, оның мөлшерін айқындау тәртібі;
сыйақыны, кезеңділікті есептеу басталатын күн, сыйақы төленген күн, төлем валютасын көрсете отырып, оны төлеу тәртібі мен талаптары және валютаны айырбастау бағамы анықталатын күнді белгілеу тәртібі;
сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі;
5) облигациялар айналысының басталуын анықтау тәртібін, оларды өтеу, облигацияларды өтеу күнін белгілеу талаптарын көрсете отырып, облигациялардың айналысы және оларды өтеу жөніндегі мәліметтер;
6) эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы ( егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде көзделген жағдайда).
Эмитенттің мерзімінен бұрын өтеу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары мен мерзімдері көрсетіледі;
7) мыналар қоса көрсетілген облигацияның өз ұстаушысына беретін құқықтары:
эмитенттен шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайызын алу не өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;
эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеуін талап ету құқықтары - осы проспектіде белгіленген, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзған кезде осы құқықты іске

асыру талаптары, тәртібі мен мерзімдері;

8) эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдері мен тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзғаны туралы хабардар ету тәртібі;

9) басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар және облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқығы болатын жағдайлар, облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда эмитенттің қандай шаралар қолданатыны, облигациялар немесе негізгі борыш бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері көрсетіледі.

Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себебін, сондай-ақ облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, оның ішінде эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілікті атқаратын тұлғаларға талап қою тәртібін қамтыған дефолттың басталу фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің, мерзімінің және тәсілінің толық сипаттамасы көрсетіледі. Егер көрсетілген ақпаратты ашуды эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырса, осы тұлғаның толық және қысқартылған атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі.

27. Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде.

28. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) инвесторлардың облигацияларды төлеу шарты және тәртібі:

облигацияларды төлеу шарты, тәртібі, есеп айырысу тәсілдері көрсетіледі;

2) облигациялар бойынша қамтамасыз ету (банк кепілдігі қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде):

облигацияларды қамтамасыз етуге банк кепілдік берген жағдайда кепілдік берген тұлғаның кепілдік беруімен қамтамасыз етілсе - атауын, орналасқан жерін, байланыс телефондарын, кепілдік беру мерзімін және шарттарын көрсететін деректер (кепілдеме);

облигация ұстаушының өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, аты-жөні, бар болса – бірінші басшысының, атқарушы органы мүшелерінің әкелерінің аттары);

3) облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі:
тіркеушінің атауы, оның орналасқан жері, телефон нөмірлері, жасалған шарттың күні және нөмірі көрсетіледі;
4) облигацияларды орналастыруға қатысатын андеррайтерлер туралы мәліметтер:
облигациялар орналастыруға қатысатын ұйымдардың атауы, орналасқан жері көрсетіледі;
5) төлем агенті туралы мәліметтер:
оның атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, тиісті шарттың нөмірі және күні көрсетіледі.
29. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану.
Облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдалану мақсаты мен тәртібі, сондай-ақ алынған ақшаны бөлу жоспарына енгізілуі мүмкін өзгерістерді көрсету кезінде басталатын талаптар көрсетіледі.
30. Эмитент қабылдайтын және заңмен көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе).
Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі эмитенттің және облигациялар ұстаушылардың әрекет ету тәртібі, оның ішінде облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу бойынша эмитенттің іс-әрекеттері толық жазылады.

## 8. Қосымша ақпарат

31. Облигациялар айналысындағы шектеулер.
Облигациялар айналысындағы кез келген шектеулер, орналастырылатын облигациялардың ықтимал сатып алушыларына қатысты шектеулер, оның ішінде арасында облигацияларды орналастыру жоспарланып отырған тұлғалар тобы көрсетіледі.
32. Облигациялар шығарылымына кеткен шығындардың сомасы және осы шығындар қандай тәсілмен төленетіндігі туралы мәліметтер.
Тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) олардың тиістілігін көрсете отырып эмитенттің қаржылық есеп берудің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдарының толық ресми атауы (аты-жөні, бар болса аудитордың әкелерінің аттары).
Тиісті алқаларға, қауымдастықтарға, палаталарға олардың тиістілігін көрсете отырып, тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заңды және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілердің толық ресми атауы.
Жоғарыда аталған тұлғалармен шарттың бұзылуы орын алған жағдайда қай тараптың бастама көрсеткенін анықтай отырып, шарттың бұзылу себебі туралы

ақпаратты беру қажет.

33. Инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен және облигациялар шығарылымның проспектісімен, облигацияларды орналастыру жиынтығы туралы есеппен таныса алатын орындар, сондай-ақ эмитент қызметі ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы ақпарат.

Облигацияларды шығару проспектісіне бірінші басшы не өзге уәкілетті тұлға бас бухгалтер қол қояды және эмитенттің мөртаңбасымен расталады.

Проспектінің әрбір данасы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды мемлекеттік тіркеуге берудің алдындағы соңғы тоқсандағы аудиторлық және қаржылық есеп беру есептерімен расталған эмитенттің соңғы екі қаржы жылына жасалған жылдық аудиторлық есептермен бірге тігіледі және тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген қағаз пломбамен тігілген және нөмірленген парақтардың санын көрсетіп бекітіледі. Мөрдің таңбасы жартылай қағаз пломбаға, жартылай құжаттың парағына басылуы және бірінші басшысының қойған қолымен куәландырылуға тиісті.

«Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша

Халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесі:

1) Халықаралық қайта құру және даму банкі;
2) Халықаралық қаржы корпорациясы;
3) Азия даму банкі;
4) Африка даму банкі;
5) Еуропа қайта құру және даму банкі;
6) Америкааралық даму банкі;
7) Еуропа инвестициялық банкі;
8) Ислам даму банкі;
9) Скандинавия инвестициялық банкі;
10) Еуропалық Кеңестің даму банкі;
11) Халықаралық есеп айырысу банкі;
12) Еуразиялық даму банкі.

«Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымша

## Айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және ұлттық бірегейлендіру нөмірін беру үшін сұрау салу

| | |
|---|---|
| Эмитенттің атауы | |
| Орналасқан жері | |
| Меншікті капиталдың мөлшері | |
| Төленген жарғылық капиталдың мөлшері | |
| Ұлттық бірегейлендіру нөмірін және енгізу күнін көрсете отырып, қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші санатына енгізілген эмитенттің акциялары туралы мәліметтер | |
| Бір облигацияның номиналдық құны | |
| Шығарылымның құны | |
| Айналыстың басталу күні | |
| Облигациялардың қамтамасыз етілуі | |

| Облигациялардың түрі | Облигациялардың саны | Облигациялар бойынша сыйақы мөл төлеу мерзімдері |
|---|---|---|
| Купондық | | |
| Дисконттық | | |
| Индекстелген | | |

Сұрау салуға эмитенттің бірінші басшысы, бас бухгалтері қол қояды және мөрінің таңбасымен куәландырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен бекітілген

## «Инвестициялық пай қорлары пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Инвестициялық пай қорлары пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу» (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі комитеті (

бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:
1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш бергенде – күнтізбелік отыз күн ішінде.
2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ уақыты 15 минут
.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы қағаз жеткізгіштегі куәлік (бұдан әрі – куәлік) не осы мемлекеттік көрсетілетін стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың себептері жазылған дәлелді жауап.
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алуға өтініш берген жағдайда нәтиже электрондық форматта ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолымен расталады.
Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың себептері жазылған дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойған электрондық құжат нысанында жіберіледі.
7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
8. Жұмыс кестесі:
1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады;
2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).
9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш

берген кезде қажетті құжаттар тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушіге:
1) еркін нысанда жазылған өтінішті;
2) басқарушы компанияның жарғысына сәйкес оның директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші жалғыз акционері) қабылдаған инвестициялық пай қорын құру туралы шешімнің көшірмесін;
3) басқарушы компанияның жарғысына сәйкес оның директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші жалғыз акционері) бекіткен қордың қағидаларын;
4) кастодианмен және тіркеушімен жасалған шарттардың жобаларын;
5) егер көрсетілген құжаттар бұрын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілмеген болса, басқарушы компания қызметінің, құрылымдық бөлімшелерінің және басқарушы компания қызметкерлерінің инвестициялық пай қорын құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеу және жұмысын тоқтату бойынша қызметін реттейтін, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін басқарушы компанияның ішкі құжаттарын ұсынуға тиісті (екі данада).
Порталда:
1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;
2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері түріндегі құжаттар электрондық сұрау салуға тіркеледі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғаларының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.
10. Мыналар:
1) ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
2) инвестициялық пай қорының Қағидаларында, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларда және келісуге ұсынылған өзге де құжаттарда қайшы келетін немесе анық емес мәліметтердің болуы;
3) басқарушы компанияның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып табылады.

## 3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымдарды портал арқылы «жеке кабинеттен» жіберген жағдайда шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен бекітілген

## «Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы хабарлама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы хабарлама беру» (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі комитеті ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап – күнтізбелік он төрт күн ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту жөніндегі хабарлама осы мемлекеттік көрсетілетін стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың себептері жазылған дәлелді жауап.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш берген кезде қажетті құжаттар тізбесі:

1) жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш және көрсетілетін қызметті алушы (тұрақтандыру банкін қоспағанда) көрсетілетін қызметті берушіге ұсынатын құжаттар өтініште (ілеспе хатта) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекетте осы қоғамның акцияларының бар екендігі (жоқ екендігі) туралы Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер тізілімін ұстаушының мөртабан таңбалары болған кезде қарауға қабылданады;

2) есепті кезеңді аяқтайтын ай соңындағы не акцияларды орналастыру аяқталған күнгі жағдай бойынша қаржы есебімен, есепті кезеңде акциялардың төлемін растайтын құжаттың (құжаттардың) көшірмесімен (көшірмелерімен) және акцияларды орналастыру аяқталған күнгі жағдай бойынша тіркеушінің анықтамасының көшірмесімен бірге тігілген, Ереженің осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған қағаз жеткізгіште акцияларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті екі данада (мемлекеттік тілде және орыс тілінде) ұсынуға тиісті. Бұл ретте екі дананың әр қайсысында мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп қамтылған;

3) қоғамның қаржы есебінсіз Acrobat Reader форматында электрондық

жеткізгіштегі акцияларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті ( қоғамды тарату және қайта құру жағдайларын қоспағанда) ұсынуға тиісті.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар көшірмелері бірінші басшының (не оның орнын ауыстыратын тұлғаның) қолы қойылуымен және көрсетілетін қызметті алушының мөр таңбасымен расталады.

Құжаттың парақтары көп болған жағдайда әр парағы расталады не құжат тігіледі және тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген қағаз пломбасымен бекітіледі. Мөрдің таңбасы және бірінші басшысының (немесе оның орнын ауыстыратын тұлғаның) қолы жартылай қағаз пломбаға, жартылай құжаттың парағына түсуі тиіс.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға:

құжаттарды қарау процесінде олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеу фактілерінің анықталуы негіз болады.

Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тартқан жағдайда көрсетілетін қызметті алушы бас тартуды алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде көрсетілетін қызметті берушіге пысықталған есепті қайта табыс етуге міндетті.

## 3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс

күні ішінде қаралуға тиіс.
Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.
Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.
12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.
14. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш жасағанда электрондық цифрлық қол болуы талап етілмейді.
15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.
16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы хабарлама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталға мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардың тізілімін ұстаушылардың мөртабандары бедерлерінің үлгілері

| | |
|---|---|
| МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСАТЫН<br>Республикалық бөлімше | МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСАТЫН<br>ХХ Филиал |

| | |
|---|---|
| «___» _____________ 20__ ж.<br>№ ________________________<br>Оператор: _________________ | «___» _____________ 20__ ж.<br>№ ________________________<br>Оператор: _________________ |
| МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСПАЙТЫН<br>Республиканское отделение<br>«___» _____________ 20__ ж.<br>№ ________________________<br>Оператор: _________________ | МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСПАЙТЫН<br>ХХ Филиал<br>«___» _____________ 20__ ж.<br>№ ________________________<br>Оператор: _________________ |

«Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы хабарлама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

## Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп

1. Қоғамның атауы және оның орналасқан жері.

2. Қоғамның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер. Осы тармақта қоғамның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің күні және нөмірі, сондай-ақ оның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуге тиісті.

3. Жарияланған акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркелген (жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің ауыстырылған) күні және шығарылымды мемлекеттік тіркеу нөмірі.

4. Қаржылық есептің деректеріне сай қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер.

5. Қоғам акцияларды орналастыру инвесторлардың шектеусіз аясының ортасы туралы хабарламаларды орналастырған бұқаралық ақпарат құралдарының атауы және осы хабарламалар шыққан күні көрсетіледі.

6. Қоғам өзінің акционерлеріне олардың қоғамның акцияларын артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес орналастырылатын акцияларды сатып алу ұсынысын қоғамның жарғысында көрсетілген мына тәсілдердің біреуімен жеткізгені туралы ақпарат:

1) хабарламаны жіберу күнін және акционер осы хабарламаны алған күнін көрсете отырып жеке жазбаша хабарлама жіберу арқылы;

2) көрсетілген ұсынысты бұқаралық ақпарат құралдарының атауын және жарияланған күнін көрсетуімен бұқаралық ақпараттар құралдарында жариялау арқылы.

7. Акциялар туралы мәліметтер:

1) жарияланған акциялардың жалпы саны, оның ішінде:

жай акциялар ________________________________________________;

артықшылықты акциялар ________________________________________;

2) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері;

3) егер акциялар айырбасталған болса, айырбастау тәртібін және айырбасталған акциялардың санын көрсету қажет.

8. Аукциондарды немесе жазылуды өткізу шарттары мен тәртібі туралы ішкі құжаттың қабылданған және бекітілген күні туралы мәліметтер және осы тәртіпке қойылатын негізгі талаптар.

9. Егер қоғамның акциялары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген болса, олардың енгізілген күнін көрсету қажет.

10. Акцияларды орналастыру туралы мәліметтер:

1) акцияларды орналастырудың есепті кезеңінің басталу күні және орналастырудың есепті кезеңінің аяқталу күні;

2) акцияларды орналастырудың осының алдындағы әрбір есепті аралық үшін орналастыру кезеңін, орналастырылған акциялар санын және оларды жеке төлеу сомасын, сондай-ақ акцияларды орналастырмау туралы ақпарат жөнінде мәлімет қабылдау күнін көрсете отырып, осының алдындағы есепті (есептерді) бекіту күні;

3) қоғамның директорлар кеңесінің («Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Банктер туралы Заң) 17-2-бабы негізінде жарияланған акциялар санын өсіру жағдайын қоспағанда) акциялардың есепті кезеңдегі орналастырылу санын және олардың орналасу бағасын белгілеу туралы шешім қабылдаған күні;

4) Банктер туралы Заңның 17-2-бабы негізінде банктің жарияланған акцияларын сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін қабылдаған күн;

5) есепті кезеңде орналастырылған акциялардың және олардың түрлері бөлігінде орналастырылмаған акциялардың саны;

6) бір жай және артықшылықты акцияны сатып алу бағасын, акцияларды сатып алу туралы шешім қабылданған күнін, сондай-ақ қоғам орналастырылған акцияларды (сатып алудың әрбір түрі бойынша жеке) сатып алуға шеккен шығыстарын көрсете отырып қоғамның бастамасы және/немесе акционерлердің талабы бойынша есепті кезеңнің аяқталу күніне сатып алынған акциялардың саны. Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтай жиналысы бекіткен күні.

11. Акцияларды орналастыру есепті кезеңінде акцияларды орналастыру (сату)

тәсілдері:

1) акциялардың немесе жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздардың түрін, санын, орналастыру бағасы мен ақы төлеу сомасын көрсете отырып артықшылықпен сатып алу құқығы бойынша;

2) (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған) нарықтарында жазылу арқылы:

құрылтайшылар (жаңадан құрылған қоғамдар үшін) арасында акциялардың түрін, санын, акциялардың номиналды құнын және төлем сомасын көрсету арқылы;

акциялардың түрін, санын, орналастыру бағасы мен ақы төлеу сомасын көрсете отырып өзге инвесторлар арасында орналастыру арқылы;

3) аукцион арқылы:

акциялардың түрін, санын, жалпы ақы төлеу сомасын, алғашқы және соңғы сауда-саттықтарды өткізу күнін көрсете отырып ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында, есепті кезеңде бір акцияны сауда-саттықта орналастырудың ең аз және ең жоғары бағасы, есепті кезеңдегі бір жай және артықшылықты акцияның нарықтық құны (егер ол есептелген болса) көрсетіледі;

аукционды өткізу күнін, акциялардың түрін, санын және ақы төлеудің жалпы сомасын көрсете отырып ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында;

4) айырбасталатын бағалы қағаздардың санын, бағалы қағаздарды айырбастау жүргізу күнін көрсете отырып қоғамның акцияларына бағалы қағаздарды және ( немесе) ақша міндеттемелерді айырбастау арқылы не туынды бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында орналастыру арқылы (туынды бағалы қағаздардың атауын, туынды бағалы қағаздарды орналастыру арқылы орналастырылған акциялар санын, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында сатып алуға ұсынылған акциялар санын, туынды бағалы қағаздардың орналастырылуы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған мемлекеттің атауын көрсетуімен).

12. Акциялардың санын және төлем сомасын көрсете отырып оларға ақы төлеу тәсілі:

1) ақшалай (құрылтайшылардың (инвесторлардың) акцияларды төлеуін растайтын төлем құжатының (төлем құжаттарының) деректемелері, төлем сомасы және төлеушінің атауы көрсетілуге тиісті);

2) бағалы қағаздармен (бағалы қағаздар эмитентінің атауын, оның мекенжайын, бағалы қағаздардың ұлттық сәйкестендіру нөмірін және олардың санын, бағалау актісін кім дайындағанын, оның жасалған күнін және бағалау сомасын көрсету қажет);

3) зияткерлік қызметтің нәтижесіне құқығымен (зияткерлік меншікті бағалау актісін кім дайындағанын, оның жасалған күнін, бағалау сомасын, зияткерлік меншікті қабылдау - өткізу актісі туралы мәліметтерді көрсету қажет);

4) кредитор алдында берешекті өтеу шарты бойынша (кредитордың қай органы акцияларды төлеу есебінен берешекті өтеу туралы шешім қабылдағаны және бұл шешімнің қабылданған күні, берешекті салыстырып тексеру актісі, талап ету құқығын бағалау актісін кім дайындағанын, оны жасаған күнін, бағалау сомасын көрсету қажет);

5) басқа да мүліктік құқықтармен (бағалау актісін кім дайындағанын, оның жасалған күнін, бағалау сомасын, мүлікті қабылдау - өткізу актісін көрсету қажет);

6) өзге де тәсілмен.

Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі № 268 қаулысымен бекітілген Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, акцияларды орналастыру және акциялар шығарылымын жою қорытындысы туралы Ереженің 2-тармағында көрсетілген құжаттардың деректемелерін көрсету қажет. Акциялар төлеуіне мүліктік құқықтарды және өзге мүлікті енгізген жағдайда тиісті лицензиясы бар бағалаушының осы мүліктің бағалауы туралы есептің күні осы мүлікті акциялар төлеуіне енгізген күнге дейін алты айдан кешіктірмей көрсетілуге тиісті.

13. Қоғам акциялары шығарылымының андеррайтерлері (эмиссиялық консорциумдар) туралы ақпарат. Осы тармақта:

1) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының атауы, андеррайтердің қызметін көрсетуге қоғам жасаған шарттың күні және нөмірі туралы, сондай-ақ эмиссиялық консорциумның қатысушылары туралы;

2) андеррайтердің акцияларды орналастыру тәсілі туралы;

3) андеррайтерлерге немесе орналастырудың басқа қатысушыларына, өкілдерге орналастырудың жалпы көлемінен пайыздық көрсетілімде және орналастырылатын әрбір акцияға төленген (төленетін) комиссиялық сыйақылар туралы, сондай-ақ шығыстар туралы басқа мәліметтер;

4) шығаруға, орналастыруға және листингке енгізуге шығатын шығындардың негізгі санаттары туралы. Көрсетілген шығындарды эмитенттің өзі төлемеген жағдайда, оларды төлейтін тұлғаны көрсету қажет;

5) андеррайтерлерді тартпастан және орналастырудың болашақ жоспарынсыз есепті кезеңде орналастырылған акциялардың саны туралы ақпаратты көрсету қажет.

14. Опциондарды орындау бағасы туралы мәліметтер.

15. Акциялардың нарықтық және баланстық құнының тарихы туралы ақпарат. Егер қоғамның акциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналыста болған жағдайда, жылдар бойынша бөле отырып соңғы аяқталған үш жыл үшін, тоқсан бойынша бөле отырып соңғы аяқталған екі жыл үшін, акциялар

шығарылымының проспектісі шыққан күнінен бастап соңғы алты ай үшін акциялардың ең жоғары және ең төмен нарықтық бағасы туралы мәліметтерді көрсету қажет.

Акциялардың баланстық құнының тарихы туралы ақпаратта жылдар бойынша бөле отырып соңғы аяқталған үш жыл үшін, тоқсан бойынша бөле отырып соңғы аяқталған екі жыл үшін, акцияларды орналастыру кезеңі аяқталғанға дейін соңғы алты ай үшін (айдың 1-ші күніне) акциялардың баланстық құны туралы мәліметтер болуға тиісті.

Акциялардың баланстық құны мына формула бойынша есептеледі

$$БСА = \frac{СК}{А},$$ мұнда

АБҚ - акциялардың баланстық құны;

СК - қоғамның меншікті капиталының мөлшері;

А - қоғамның орналастырылған акцияларының саны (қоғам сатып алған акцияларды шегеріп).

16. Дивидендтерді төлеу туралы мәліметтер:

1) тиісті шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының деректемелеріне сілтеме жасап, аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша жай және артықшылықты акциялар бойынша есептелген және төленген дивидендтердің жалпы сомасын (есептелген және бюджетке төленген салық сомасын) көрсете отырып, дивидендтер төленген акционерлердің санын көрсете отырып дивидендтерді соңғы төлеу күні;

2) қоғамның хабарламаны жариялау күнін көрсете отырып, дивидендтерге төлем жасау туралы хабарламасын орналастырған бұқаралық ақпарат құралының атауы;

3) бір жай және артықшылықты акцияға есептелген және төленген дивидендтердің мөлшері, сондай-ақ аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша бір жай және артықшылықты акцияға келген таза табыстың мөлшері;

4) дивидендтерді уақытында төлемеу бойынша берешек орын алған жағдайда, оның пайда болу себептерін және акцияларды орналастыру кезеңінің аяқталу күніне берешек сомасын көрсету қажет, бұл ретте акционерлер алдында берешекті өтеу бойынша қоғам қандай шаралар қолданғанын көрсетеді.

17. Қоғамның тіркеушісі туралы мәліметтер:

1) акцияларды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің атауы және орналасқан жері;

2) қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімін жүргізу туралы шарттың күні және нөмірі.

18. Акцияларды орналастыру кезеңінің аяқталу күніне ірі акционерлері

туралы мәліметтер. Осы мәліметтер тіркеуші дәл сондай күнге берген анықтама негізінде толтырылады, ол анықтама есептің ажырамас бөлігі болып табылады:

| Заңды тұлға-акционерлердің толық атауы немесе жеке тұлға - акционерлердің тегі, аты-жөні, бар болса әкесінің аты | Жеке тұлға-акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері немесе заңды тұлға-акционерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі мен күні | Акцияның түрін көрсете отырып, акционерге тиесілі акциялардың жалпы саны | Акция түрін көрсете отырып акционерге тиесілі акциялардың орналастырылған акциялардың жалпы санына пайыздық арақатынасы | Акционерге ти акциялардың д беруші акцияла жалпы саны пайыздық арақатынасы |
|---|---|---|---|---|

19. Егер орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде акциялары номиналды ұстауда тұрған, акцияларды орналастыру кезеңінің аяқталу күніне қоғамның орналастырылған (қоғам сатып алған акцияларды шегеріп тастағанда) акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер туралы мәліметтер болмағанда, номиналды ұстаушылардың атауы және олардың номиналды ұстауында тұрған қоғам акцияларының саны туралы мәліметтер.

20. Есепке бірінші басшы, бас бухгалтер не оларды алмастыратын тұлғалар қол қояды және акционерлік қоғамның мөрінің бедерімен расталады. Есептің әрбір данасы, осы қосымшаның 12-тармағына сәйкес акцияларды орналастыру есепті кезеңінде акциялардың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелерімен қаржылық есептілікпен және тіркеуші берген анықтаманың көшірмесімен бірге тігіледі және тігіс түйінінің ұшына және ішінара параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Мөрдің бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылады және бірінші басшының қойылған қолымен куәландырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен бекітілген

## «Облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы хабарлама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы хабарлама беру» (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі комитеті ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап – күнтізбелік он төрт күн ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: қағаз түрінде.

өтініш берушінің ұйымдық құрылымы, корпоративтік басқару рәсімін іске асыру тәсілдерінің сипаттамасы, сондай-ақ мамандардың білім деңгейіне

қойылатын талаптар көрсетілуге тиіс;

17) клирингтік ұйымның қызметтерін пайдаланатын субъектілерімен клирингтік ұйымның өзара қарым-қатынасын айқындайтын қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асырудың ішкі қағидасы (қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін үміткер көрсетілген қызметті алушылар үшін);

18) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің қызмет етуін айқындайтын ішкі ережелерді ұсынады.

Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғалар бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің қосымша түрін жүзеге асыруға лицензия алу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 10), 12), 16) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген сауда-саттықты ұйымдастырушы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 17), 18) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің көрсетілген бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленіп, тігіледі және соңғы парағының артына тігілген түйіндегі жапсырманың жоғары жағына парақ саны көрсетіледі, көрсетілетін қызметті алушының мөрімен расталып ұсынылады. Құжаттардың көшірмелері мұндай құжаттарға қол қою құқығына ие көрсетілетін қызметті алушының лауазымды адамдарының қолымен және көрсетілетін қызметті алушының мөр бедерімен куәландырылады;

лицензияның телнұсқасын алу үшін:

1) еркін нысанда жазылған өтініш;

2) лицензияның телнұсқасын беру кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) еркін нысанда жазылған өтініш;

2) лицензияны қайта ресімдеген кезде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжаттың көшірмесін.

Порталда:

лицензия алу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) бюджетке лицензиялық алым төлеу туралы құжат (құжаттың электрондық

көшірмесі түрінде);
3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері түріндегі құжаттар электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі;
лицензияның телнұсқасын алу үшін (порталда тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтер алуға мүмкіндік жоқ болғанда):
1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
2) лицензияның телнұсқасын беру кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);
лицензияны қайта ресімдеу үшін:
1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;
2) лицензияны қайта ресімдеген кезде қызметтің жекелеген түрлерімен айналасу құқығына бюджетке лицензиялық алым төлеу туралы құжат (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде).
Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурс болып табылатын құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғаларының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.
10. Мыналар:
1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынуы;
2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеуі;
3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сай келмеуі;
4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;
5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып табылады.
Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардын толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап береді.

### 3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымдарды портал арқылы «жеке кабинеттен» жіберген жағдайда шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

**4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

________________________________________________________
(уәкілетті органның толық атауы)

________________________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушы толық атауы)

**Өтініш**

________________________________________________________
(бағалы қағаздар нарығындағы қызмет түрлерін көрсету) жүзеге асыру құқығына лицензия беруді сұраймын.
Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:
1. Атауы, орналасқан жері
________________________________________________________
________________________________________________________

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің нөмірі)

___________________________________________________________________

(телефон, факс).

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің нөмірі мен күні, БСН:

___________________________________________________________________

3. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні (заңды тұлғалар үшін акционерлік қоғамның ұйымдастыру құқықтық нысанында):

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

4. Көрсетілетін қызметті алушының банк шоты ашылған банктің атауы және орналасқан жері, банктің сәйкестендіру коды

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

5. Жіберілетін құжаттар тізбесі, олардың әрқайсысына даналар мен парақтар саны:

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

көрсетілетін қызметті алушы және олардың құрылтайшылары (акционерлер) өтінішке қоса берілетін құжаттардың (ақпараттың) дұрыстығына толық жауапты болады.

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

(өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

(күні және қолы)

Мөрдің орны

«Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

**Акционер (қатысушы) туралы мәліметтер (заңды тұлға үшін)**

___________________________________________________________________

______

**(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)**

1. Көрсетілетін қызметті алушының акционері (қатысушы): ____________________________________________________________

(толық атауы)

____________________________________________________________

Орналасқан жері: ____________________________________________

____________________________________________________________

(пошталық индексі, мекенжайы)

Байланыс деректемелері: ____________________________________

____________________________________________________________

(телефон және факс нөмірі, бар болса электрондық поштаның мекенжайы)

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер: ____________

____________________________________________________________

(құжаттың атауы, нөмірі мен берілген күні, кім берген)

Қазақстан Республикасының резиденті/резиденті емес: ____________

____________________________________________________________

Қызметтің негізгі түрі: ____________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

2. Акционерге тиесілі көрсетілетін қызметті алушының дауыс беруші акциялар санының көрсетілетін қызметті алушының дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық арақатынасы немесе көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесі: ____________

____________________________________________________________

3. Көрсетілетін қызметті алушы акцияларының төлеміне (көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесіне) ақша енгізу алдында көрсетілетін қызметті алушы акционерінің (қатысушысының) меншікті қаражат мөлшері және көрсетілетін қызметті алушының акцияларының төлеміне (көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесіне) енгізілген сома.

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

4. Акционердің (қатысушының) жарғылық капиталына төлемді растайтын құжаттардың деректемелері (төлем тапсырмаларының, кассалық кіріс ордерлерінің нөмірі мен күні):

___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

5. Көрсетілетін қызметті алушы акционерінің (қатысушысының) өзге заңды тұлғаларды құруға және қызметіне акционер ретінде қатысуы туралы мәліметтер (көрсетілген мәліметтер акционер ретінде тізбесі «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысымен (бұдан әрі – № 55 қаулы) (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4139 болып тіркелген) белгіленген рейтингтік агенттіктердің бірі BB+ төмен емес шетел валютасы түрінде ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар, резиденті емес заңды тұлға ретінде болған жағдайларда ұсынылмайды):

| Толық атауы/тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) | Орналасқан жері/тұрғылықты жері ( Қазақстан Республикасының резиденті/ резиденті емес) | Дауыс беруші акциялардың пайызы не жарғылық капиталдағы қатысу үлесі | Нег қыз түрі |
|---|---|---|---|
| | | | |

6. Көрсетілетін қызметті алушы акционерінің дауыс беруші акцияларының он және одан асатын пайызына не көрсетілетін қызметті алушы (қатысушысының) жарғылық капиталынан он және одан асатын пайызын құрайтын жарғылық капиталында қатысу үлесіне иелік ететін көрсетілетін қызметті алушы акционерінің (қатысушысының) қатысушылары, акционерлері туралы мәліметтер:

| Толық атауы/тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) | Орналасқан жері/тұрғылықты жері ( Қазақстан Республикасының резиденті/ резиденті емес) | Дауыс беруші акциялардың пайызы не жарғылық капиталдағы қатысу үлесі | Негізгі қызмет |
|---|---|---|---|

7. Ұйымдардың толық атауын, орналасқан жерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының акционері (қатысушысы) қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы мәліметтер:
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

8. Осы сауалнаманың 3 – 5-тармақтарына сәйкес көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осылай болып табылатын акционердің (қатысушының), көрсетілетін қызметті алушының басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер ________________________________________________________________________________________________________________________________________________________________________

9. Көрсетілетін қызметті алушы акционерінің (қатысушысының) басшысы туралы мәліметтер: ____________________________________________________________________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
20__ жылғы «___» ______________________ Көрсетілетін қызметті алушының акционері (қатысушысы) басшысының қолы ______________________________
Мөрдің орны
«Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

## Акционер (қатысушы) туралы мәліметтер (жеке тұлға үшін)

**______________________________________________________________**
**(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)**

1. Көрсетілетін қызметті алушының акционері (қатысушы): ______________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ______________________________________________________
Туылған күні мен жылы ______________________________________________________
Азаматтығы ______________________________________________________
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері ______________________________________________________

(құжаттың атауы, нөмірі, сериясы және берілген күні, кім берген)
Тұрғылықты жері
___________________________________________________________

(пошталық индексі, мекенжайы)
Байланыс деректемелері:
___________________________________________________________
___________________________________________________________

(телефон нөмірі, электрондық поштаның мекенжайы)
Жұмыс орны (мекенжайы, лауазымы көрсетіледі)
___________________________________________________________
___________________________________________________________

2. Акционерге тиесілі көрсетілетін қызметті алушының дауыс беруші акциялар санының көрсетілетін қызметті алушының дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық арақатынасы немесе көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесі:
___________________________________________________________
___________________________________________________________

3. Көрсетілетін қызметті алушы акцияларының төлеміне (көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесіне) ақша енгізу алдында көрсетілетін қызметті алушы акционерінің (қатысушысының) меншікті қаражат мөлшері және көрсетілетін қызметті алушының акцияларының төлеміне көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесіне) енгізілген сома.
___________________________________________________________
___________________________________________________________
___________________________________________________________

4. Жарғылық капиталға төлемді растайтын құжаттардың деректемелері (төлем тапсырмаларының, кассалық кіріс ордерлерінің нөмірі мен күні):
___________________________________________________________
___________________________________________________________
___________________________________________________________

5. Көрсетілетін қызметті алушы акционерінің (қатысушысының) өзге заңды тұлғаларды құруға және қызметіне акционер ретінде қатысуы туралы мәліметтер (көрсетілген мәліметтер акционер ретінде тізбесі № 55 қаулысымен белгіленген рейтингтік агенттіктердің бірі BB+ төмен емес шетел валютасы түрінде ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар, резиденті емес заңды тұлға ретінде болған жағдайларда ұсынылмайды):

| | Орналасқан жері/тұрғылықты жері (Қазақстан | Дауыс беруші акциялардың пайызы | |
|---|---|---|---|

| Толық атауы/тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) | Республикасының резиденті/резидент емес) | не жарғылық капиталдағы қатысу үлесі | Негізгі қызмет түрі |
|---|---|---|---|
| | | | |

Осы сауалнаманың 3-тармағында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осылай болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының акционері (қатысушысы) басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер
_____________________________________________________________________________
_____________________________________________________________________________
_____________________________________________________________________________

20__ жылғы «___» ________________________
Көрсетілетін қызметті алушының акционері (қатысушысы) басшысының қолы ___________________________________________

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1567 қаулысымен
бекітілген

## «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру» (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.
3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі комитеті ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:
1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш бергенде – көрсетілетін қызметті беруші сұрау

салған соңғы құжатты көрсетілетін қызметті алушы ұсынған күннен бастап үш ай ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы (бұдан әрі – Басқарманың рұқсат беру қаулысы) не қағаз жеткізгіштегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беруден бас тарту туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы және осы мемлекеттік көрсетілетін стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда жазылған дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алуға өтініш берген жағдайда нәтиже электрондық форматта ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолымен расталады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың себептері жазылған дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш жасағандағы қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алуға өтінішті;

2) нотариат куәландырған және заңдарда белгіленген тәртіппен ресімделген құрылтай құжаттарының (жарғы, құрылтай шарты) төрт данасын;
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтай құжаттарының барлық даналарының титулдық бетінде жоғарғы оң жақ бұрышында мынадай тұжырым болады: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен келісілді. Төраға (Төрағаның орынбасары) _______________».

Осы құжаттар көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен бекітіледі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының келісілген құрылтай құжаттарының бір данасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заң ісіне тігіледі. Қалған даналары әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өту үшін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру туралы шешім қабылданғанын дәлелдейтін құжаттарды;

4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына құрылтайшылар-заңды тұлғалар туралы мәліметтер (ондай құрылтайшылар болған жағдайда) заңды тұлға ретінде олардың мемлекеттік тіркеуден өткені туралы анықтамасы, нотариат куәландырған құрылтай құжаттарының көшірмесі, аяқталған соңғы екі қаржы жылының аудиторлық ұйым растаған қаржылық есептілігі, құжаттар табыс ету алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы бухгалтерлік баланс және пайдалар мен шығындар туралы есеп қамтылады;

5) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына құрылтайшылар туралы мәлімет – жеке тұлғалар (мұндай құрылтайшылар болған кезде) туралы мәліметтер, соның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру үшін пайдаланылған ақша көздерінің сипаттамасы мен сомасы, сондай-ақ белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы;

6) құрылтайшылар құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берген тұлға бекіткен, актуарий растаған және «жалпы сақтандыру» саласында құрылатын сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымдары үшін таяу үш жылға және «өмірді сақтандыру» саласында құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін бес жылға арналып әзірленген бизнес-жоспарды ұсынуға тиісті.

Бизнес-жоспарда мынадай мәселелер: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес келетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құрудың мақсаттары, негізгі қызмет бағыттарының қысқаша сипаттамасы және құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бағдарланатын нарық сегменті, құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы және нарықтағы үлесі туралы ақпарат, өнімдер мен көрсетілетін қызмет түрлері, оларды сату тәсілдері, маркетингтік зерттеулер, сақтандыру андеррайтингі, баға

стратегиясы, соның ішінде сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібі және олардың экономикалық негіздемесі, өнімдерді жылжыту стратегиясы, сақтандыру өнімдерін бөлу, қаржы жоспары, соның ішінде шығындылық коэффициенттерінің болжамы, құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жүргізуге ниет етіп отырған инвестициялық саясат пен қайта сақтандыру саясаты, құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ұйымдық құрылымы, директорлар кеңесі, мамандардың болжамды білім деңгейі, көрсетілетін қызметті берушінің тиісті талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару ұйымы көрсетілуге тиіс.

Бизнес-жоспарға қойылатын негізгі талаптар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-қосымшасында көрсетілген

7) көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшылар атынан өтініш беру өкілеттігін растайтын нотариат куәландырған құжатты ұсынуға тиісті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі мәртебесіне сәйкес келетін мөлшерде сатып алу ниеті бар тұлға осы тармақта көрсетілген құжаттардан басқа, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 26-бабында көзделген құжаттар мен мәліметтерді табыс етеді.

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының құрылтайшысы өз мемлекетінің тиісті сақтандыруды қадағалау органының өзіне Қазақстан Республикасы резидентінің – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алуға рұқсат етілгенін растайтын құжатты не тиісті мемлекеттің заңдары бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіні туралы мәлімдемені табыс етуге міндетті.

Қазақстан Республикасының резиденті емес құрылтайшының шетелдің мемлекеттік органы берген құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен заңдастырылуға тиіс.

Порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері түріндегі құжаттар электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі.

Куәліктің мәліметтерін немесе заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, мемлекеттік ақпараттық жүйелерде көрсетілген өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғалары ЭЦҚ

куәландырған электрондық құжаттар нысанындағы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

10. Мыналар:

1) құжаттардың толық емес топтамасын табыс ету не табыс етілген құжаттардың осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармақта аталған талаптарға сәйкес болмауы;

2) құрылтайшының акцияларға төлем жасау үшін өз қаражатының жеткіліксіз болуы;

3) құрылатын ұйым мен оның құрылтайшыларына қатысты дәйексіз ақпарат берілуі;

4) құрылтайшының аяқталған соңғы екі қаржы жылындағы залал шеккен қызметі;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім беруден бас тартуы;

6) Заңның 26-бабында белгіленген шектеулерді сақтамауы;

7) құрылтайшы жеке тұлғалардың, атқарушы органның не құрылтайшы заңды тұлғаның басқару органының бірінші басшысының алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып табылады.

## 3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны

тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымдарды портал арқылы «жеке кабинеттен» жіберген жағдайда шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру»

мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын бақылау мен
қадағалау комитетінің төрағасына

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу туралы өтініш**

______________________________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
______________________________________________________________
(құрылтайшы атынан осы өтінішті беруге көрсетілетін қызметті алушының өкілеттігін растайтын нотариат немесе басқадай куәландырылған құжатқа сілтеме)
______________________________________________________________
______________________________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының жұмыс орны және лауазымы, тұрғылықты жері)
құрылтай жиналысының ___________ жылғы "___" _________________ № _____ шешіміне (хаттамасына) сәйкес
______________________________________________________________
______________________________________________________________
(құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы және орналасқан жері)
құруға рұқсат беруді сұрайды.
Құрылтайшылар өтінішке қоса берілген құжаттардың дұрыстығына, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушіге осы өтініштің қаралуына байланысты сұралған ақпаратты дер кезінде ұсынуға толық жауап береді.
Қосымша (жіберілген құжаттар атауларының тізбесі, даналардың саны және әр қайсысының парақтар саны көрсетілсін):
______________________________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының қолы, күні)
«Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын құруға рұқсат беру»

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша
Фото (3 x 4 сантиметр)

**Құрылтайшы - жеке тұлға туралы мәліметтер**

_______________________________________________________________

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)
20__ жылғы «___» ___________
1. Құрылтайшы _______________________________________________
_______________________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
2. Туған күні _______________________________________________
3. Туған жері _______________________________________________
_______________________________________________________________
4. Азаматтығы _______________________________________________
_______________________________________________________________
5. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері ________________
_______________________________________________________________
6. Тұрғылықты жері ___________________________________________
_______________________________________________________________
7. Жұмыс орны, лауазымы _______________________________________
_______________________________________________________________
8. Телефон нөмірі (қаланың коды, жұмыстың және үйдің нөмірі)_________
_______________________________________________________________
9. Білімі ____________________________________________________
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________
(оқу орны, бітірген жылы, мамандығы)
10. Еңбек қызметі туралы қысқаша түйіндеме
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________
(жұмыс орны, лауазымы, жұмыс істеген кезеңі)
11. Растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға қолданылатын ақша көздерінің және сомасының сипаты
_______________________________________________________________
________________________________ - ___________________________

12. Құрылтайшының жарғылық капиталға қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың акцияларын иеленуі жөніндегі мәліметтер: заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

Қызмет түрлері (негізгі қызмет түрлері атап көрсетілсін)

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе құрылтайшыға тиесілі акциялар санының жеке әрбір заңды тұлға бойынша дауыс беретін акциялардың жалпы санына ара қатынасы (пайызбен)

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

13. Құрылтайшы - жеке тұлға қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы немесе оның орынбасары, бас бухгалтері болды ма.

Қолы __________________ күні __________________

«Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

**Құрылтайшы - заңды тұлға туралы мәліметтер**

**______________________________________________________________**

**(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)**

**20__ жылғы «___» _____________**

1. Құрылтайшы ____________________________________________________________

___________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы)

2. Мекенжайы _____________________________________________________________

___________________________________________________________________________

(пошта индексі, қала, көше, байланыс телефоны)

3. Мемлекеттік тіркеу ___________________________________________

___________________________________________________________

(құжаттың атауы, нөмірі, күні, кім берді)

4. Қызмет түрі _______________________________________________

___________________________________________________________

(қызметінің негізгі түрлерін көрсету)

5. Қазақстан Республикасының резиденті, Қазақстан Республикасының резиденті емес (керегінің асты сызылсын).

6. Құрылтайшы - заңды тұлғаның басшысы _________________________

___________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні)

Білімі ______________________________________________________

___________________________________________________________

___________________________________________________________

(оқу орны, бітірген жылы, мамандығы)

7. Соңғы үш күнтізбелік жылда құрылтайшы заңды тұлғада ірі қаржылық проблемалар, оның ішінде банкротқа ұшырау, консервация, сауықтыру болды ма: _________________________________________________

___________________________________________________________

(олардың туындау себептері)

___________________________________________________________

___________________________________________________________

(бұл проблемаларды шешу нәтижелері)

8. Банк құрылтайшысы - заңды тұлға ірі акционер болып табылатын немесе жарғылық капиталға қатысу үлесінің он немесе одан да көп пайызына тура және (немесе) жанама ие ұйымдарды көрсетіңіз: _________

___________________________________________________________

ұйымның атауы және орналасқан жері

___________________________________________________________

ұйымды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер

___________________________________________________________

___________________________________________________________

ұйым қызметінің түрі

___________________________________________________________

___________________________________________________________

осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысуы

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы

ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4139 тіркелген) тізбесі белгіленген рейтингілік агенттіктердің бірі берген ұйым рейтингі болған жағдайда, оны көрсетіңіз.

10. Құрылтайшы - заңды тұлғаның атқарушы органының не басқару органының бірінші басшысы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші қаржы ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың (атқарушы органның) бірінші басшысы және (немесе) оның орынбасары, бас бухгалтері болды ма.

______________________________________

(қолы)

______________________________________

(күні)

______________________________________

(мөр)

«Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бизнес-жоспарына қойылатын негізгі талаптар

### 1. Жалпы мәселелер

Осы бөлімнің мақсаты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының болашақ қызметіне қысқаша шолу беру болып табылады.

1. Сақтандыру ұйымын құру мақсаттары.

2. Қызметтің негізгі бағыттарын қысқаша сипаттау: саласы, сыныптары, түрлері.

## 2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы ақпарат

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналасқан жері.

4. Филиалдарды және (немесе) өкілдерді құру.

5. Жалданатын немесе жалдауға тартылатын заңгерлер, бухгалтерлер, актуарийлер (ішкі, тәуелсіз), аудиторлық ұйым туралы ақпаратты, басқа ұйымдардың мамандарымен іскерлік байланыстарды.

6. Ішкі аудит қызметінің қағидаттары.

7. Қатаң есептегі құжаттардың сақталу жүйесін қамтамасыз етуді.

8. Өндірістік қорларды: бөлменің (жеке не жалға алынған), компьютерлік және басқа да бағдарламалық қамтамасыз ету техниканың болуы.

## 3. Маркетингтік зерттеулер және нарықтың сегменті

9. Саланы дамыту болжамдарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін жүзеге асыру болжанады.

10. Құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын дамытуға бәсекелестіктің ықпалы: негізгі бәсекелестерді, өнімдерді, баға стратегиясын, жарнама әдістерін салыстыру, Қазақстан Республикасының барлық аумағына немесе жеке аймақтарға, заңды және жеке тұлғаларға нарықтық сегментінің бағдары.

11. Нарықтағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру сыныбы бөлшегінде болжанатын үлесі.

12. Мақсатты нарықтың демографиялық талдау: жасы, жынысы, әлеуметтік экономикалық ахуалы, кіріс деңгейі, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметті тұтынушыларының өмір (салты) мәні.

## 4. Сақтандыру өнімдерінің түрлері, қызметтері және оларды бөлу

13. Сақтандыру түрлерінің (сақтандыру өнімдерінің) тізбесі.

14. Сақтандыру өнімдерінің мазмұны.

15. Сақтандыру өнімдерін сату кезде көрсетілетін қосымша қызметтер.

16. Сақтандыру өнімдерінің негізгі сатып алушылары.

17. Аймақтар бойынша сақтандыру өнімдерін бөлу.

## 5. Сақтандыру андеррайтингі

18. Сақтандыру сыныптарына байланысты сақтандыру андеррайтингі үшін тәуекел деңгейін сипаттайтын қолданылатын критерилері (қауіпсіздік дерек көздері бойынша және қауіпсіздік дәрежесі бойынша тәуекелдерді топтастыру, сақтандыру өтеудің мерзімін, шарттарын және мөлшерін айқындау, сақтанушы, сақтандыру объектісі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қарауына басқа да критерийлері туралы деректерді талдау).

19. Сақтандыру тарифты айқындаған кезде сақтандыру андеррайтингіне ықпал жасайтын белгіленген сол сияқты ауыспалы шығыстарын көрсете отырып сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығыстарының шектеулі шамалары.

20. Сақтандыру андеррайтингісіне жауап беретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басты тұлғалары туралы ақпараты.

## 6. Баға стратегиясы

21. Статистикалық деректердің немесе оларды сақтандыру нарығының басқа қатысушыларынан алу жөніндегі уағдаластықтың болуы туралы ақпарат.

22. Сақтандыру мөлшерлемелерін есептеу және оларды сақтандыру мөлшерлеме мөлшерінің жоспарланатын диапазоны, статистикалық деректердің көздері, пайдаланатын әдістемесінің қысқаша сипаты жататын сақтандыру сыныбы бойынша экономикалық негіздеу тәртібі.

23. Бағаның нарықтың қажеттілігіне сәйкес болуын негіздеу.

24. Баға стратегиясына және статистикалық ақпаратты жинауға жауап беретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басты тұлғалары туралы ақпарат.

## 7. Жылжыту стратегиясы және сақтандыру өнімдерін сату тәсілдері

25. Сақтандыру өнімдерін сату жүйесін ұйымдастыру және өткізуді ынталандыру (жарнама, почта, тікелей сату, интернет, сатуды жылжыту және басқалары.)

26. Сақтандыру өнімдерін іске асыру тәсілдері: тікелей сату, сақтандыру агенттері арқылы сату, интернет-сату және басқа тәсілдері.

27. Жарнамаға шығатын шығын болжамы.

## 8. Қаржылық жоспар

28. Болжанатын бухгалтерлік баланс және оның қосымшасы.

29. Сақтандыру сыныптар бөлшегінде болжанатын кіріс пен шығыстар.

30. Болжанатын әкімшілік шығыстар.

31. Ақша ағымы туралы болжанатын есеп.

32. Қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыру көздері.
33. Қайта сақтандырушының үлесін ескере отырып сол сияқты сақтандыру сыныптары бөлшегінде қайта сақтандырушы үлесін ескерусіз шығындылық коэффицентерінің болжамы.
34. Екінші деңгейдегі банктердің салымдарының құны және мемлекеттік емес бағалы қағаздары жиырма бес және елу пайызға азайған;
сақтандыру резервтері жиырма бес және елу пайызға ұлғайған;
сақтандыру төлемдері елу және жетпіс пайызға ұлғайған;
акционерлерге тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатқан жағдайларда төлем қабілетсіздігін және қаржылық тұрақтылығын сипаттау.
35. Акционерлерге дивидендтерді төлеу.

## 9. Инвестициялық саясат

36. Инвестициялаудың мақсаттары.
37. Инвестициялардың типі бойынша диверсификациялауды және активтердің сапасын бағалауды қоса отырып инвестициялық портфелін және оның кірістілігін қалыптастыру.
38. Активтердің типіне, сондай-ақ тыс жерден тартылған құрал-жабдықтарына байланысты инвестициялық шектеулер.
39. Инвестициялық саясатына жауапты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басты тұлғалары.

## 10. Қайта сақтандырудың саясаты

40. Тәуекелдерді қайта сақтандыруға берген кезде:
1) сақтандыру сыныптары бойынша негізгі нысандар және қайта сақтандыру әдістері, олардың өзара арақатынасы;
2) қайта сақтандыру ұйымдарын бағалау критерийлері:
12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруына немесе сатып алуына рұқсат беру»

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша
№ ___ күні ____________ Нысан

**Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе сатып алуына, оның ішінде банктің негізгі банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленуші еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуына рұқсат алуға өтініш**

______________________________________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының атауы)
банктің көрсетілетін қызметті берушінің ________________________________ жылғы «___» _______________ № _______ шешіміне сәйкес ________________________________________________________
(өткізілетін орны)
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
(құрылатын (иеленетін) еншілес ұйымның атауы, тұрған жері)
арқылы құруға немесе иеленуга рұқсат беруді сұрайды
Банк өтінішке қоса берілген құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығына, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың көрсетілетін қызметті берушіге дер кезінде берілуіне толығымен жауап береді. Қоса берілетін құжаттар (жіберілетін құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және бет санын көрсету керек):

Басқарма Төрағасы
_____________________________ ____________________
(қолы)
Директорлар кеңесінің Төрағасы _____________________________ мөр
(қолы)

«Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруына немесе сатып алуына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

**Еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсыныс жасалған кандидаттар) туралы ақпарат**

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ____________________________
2. Азаматтығы ________________________________________________________
3. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері _________________
4. Жұмыс орны (орындары), лауазымы (лауазымдары) _______________
___________________________________________________________________________

5. Заңды мекенжайы, тұрған орны, жұмыс орнының мекенжайы, байланыс телефоны _________________________________________________________
___________________________________________________________________________

6. Білімі (біліктілік арттыру курстарын қоса):

| Түскен күні – бітірген күні | Оқу орнының атауы | Мамандығы |
|---|---|---|
| | | |

7. Еңбек қызметі қысқаша түйіндеме:

| Жұмыс кезеңі | Жұмыс орны | Лауазымы |
|---|---|---|
| | | |

8. Заңда белгіленген тәртіппен алынбаған және өтелмеген соттылығының болуы туралы мәліметтер:

| Күні | Сот органының атауы | Соттың тұрған жері | Жаза түрі | Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабы | Соттың іс жүргізуге ш қабылдаған күні |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

9. Банк қызметімен байланысты құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер:

| Күні | Әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдаған орган | Әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдаған органның тұрған жері | Әкімшілік жазаның түрі | Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің бабы | Шешім қабылдаған |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

Осы ақпаратты тексергендігімді және оның анық және толық екендігін растаймын.

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ____________________________
(баспа әріптерімен)

Күні ______________________________________________________________

Қолы ______________________________________________________________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен бекітілген

## «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымын құруына немесе сатып алуына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымын құруына немесе сатып алуына рұқсат беру» (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі комитеті ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш бергенде – үш ай ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және ( немесе) сақтандыру холдингіне еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат беру (беруден бас тарту) туралы қаулысы не осы мемлекеттік көрсетілетін стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының құруға рұқсат беруден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі жауабының қаулысы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алуға өтініш берген жағдайда нәтиже электрондық форматта ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының

қолымен расталады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың себептері жазылған дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш берген кезде қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) еркін нысандағы рұқсат беру туралы өтінішті;

2) еншілес ұйымның құрылтай құжаттары, еншілес ұйымның жарғысын бекіту туралы шешімдерді;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі органының еншілес ұйымды құру немесе иелену туралы шешімін;

4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпаратты;

5) еншілес ұйымның ұйымдық құрылымын және үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді беруі қажет.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында және (немесе) сақтандыру холдингі болмаған жағдайда:

ұйымдардың қызметі осы ұйымдар қауымдастығының меморандумы немесе ережелері талаптарына сәйкес біріктірілген негіздегі басқарумен;

егер аталған ұйымдардың атқарушы органының, басқару органының ( акционерлік қоғамдар үшін), қадағалау кеңесі (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін) құрамының үштен бір бөлігінен астамын сол бір тұлғалар білдірсе еншілес ұйыммен байланысты ұйымдар туралы ақпарат қосымша беріледі;

6) бизнес-жоспарды ұсына отырып, еншілес ұйым қызметінің түрі немесе түрлері туралы ақпаратты;

7) Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру тобы қатысушыларының орналасқан елдерінің заңнамасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген талаптарды олардың және сақтандыру тобының орындауына мүмкіндік бермеуіне байланысты еншілес ұйымның орналасқан елінің заңнамасын талдау негізінде сақтандыру тобына шоғырландырылған қадағалауды жүргізу мүмкіндігінің болмауын болжайтын жағдайлардың жоқ екені туралы ақпаратты;

8) құрылатын еншілес ұйымның жарғылық капиталында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің қатысу үлесі мен сомасы туралы, сондай-ақ олар иеленетін акциялардың саны мен акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) алдын ала төлемінің мөлшері туралы ақпаратты;

9) аудиторлық ұйымның есебін және иеленетін еншілес ұйымның аудиторлық ұйым растаған қаржылық есептілікті;

10) иеленетін еншілес ұйымның жарғылық капиталының мөлшері туралы (егер мұндай ақпарат аудиторлық есепте болмаса), сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің иеленетін еншілес ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе акцияларының саны туралы, еншілес ұйымды иелену шарттары мен тәртібі туралы ақпаратты;

11) мыналарды:

заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жерін;

құрылтайшысы (қатысушысы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі болып табылатын заңды тұлғаның жарғылық капиталына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің қатысу үлесінің мөлшері, оны иелену бағасы туралы мәліметтерді;

акционері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі болып табылатын заңды тұлға акцияларының саны, оларды иелену бағасы, орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алғандарын шегере отырып) жалпы санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметтерді;

заңды тұлғаның (құрылтайшысы, қатысушысы, акционері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі болып табылатын) қатысу үлесінің мөлшері, оның басқа заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы сатып алу бағасы туралы мәліметтерді;

акционері (құрылтайшысы, қатысушысы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі болып табылатын заңды тұлға

иеленген акциялардың саны, оларды сатып алу бағасы, олардың орналастырылған акциялардың (артықшылықты және қоғам сатып алғандарын шегере отырып) жалпы санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметтерді қамтитын, жарғылық капиталға қатысу үлесін немесе акцияларды сатып алу арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі еншілес ұйымды иеленген заңды тұлға туралы деректерді қоса ұсынуға тиісті.

Бұл талаптар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің бірнеше заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін немесе акцияларын иелену арқылы еншілес ұйымды иелену жағдайларына қолданылады;

12) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерінің, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты жүйелердің болуын растайтын құжаттарды;

13) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің және еншілес ұйымның оны құрғаннан немесе иеленгеннен кейінгі болжамды есептік балансын қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымды құрудың, иеленудің қаржылық салдарларын талдауды, сондай-ақ ол бар болған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымның активтерін сату жөніндегі немесе еншілес ұйымды басқару бойынша қызметке елеулі өзгерістер енгізу жөніндегі жоспары мен ұсынысын;

14) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі еншілес ұйымды болжамды құру немесе иелену нәтижесінде құрамына сақтандыру (қайта сақтандыру) және (немесе) сақтандыру холдингі кіретін сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және құрылатын немесе иемденетін еншілес ұйымды ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және (немесе) сақтандыру холдингі міндетті түрде сақталуға тиісті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген басқа да нормалар мен лимиттердің есебін;

15) бақылаудың туындау негізін көрсете отырып, олардың негізінде иеленетін еншілес ұйымды бақылау көзделетін немесе бақылауды растайтын өзге де құжаттарды, атап айтқанда соның негізінде мынадай шарттардың бірі болғанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингінде мүмкіндік пайда болатын құжаттар:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингінің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының ( артықшылықты және қоғам сатып алған акцияларды шегере отырып) елу

пайызынан астамына дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп тікелей немесе жанама иеленген не оның заңды тұлға акцияларының елу пайызынан астамымен дербес дауыс беру мүмкіндігі болған;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингінің басқару органы немесе еншілес ұйымыны атқарушы органының құрамын кемінде жартысын дербес сайлауға мүмкіндігінің болуы;

Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясының қаржылық есептілігін қоспағанда, заңды тұлғаның қаржылық есептілігін аудиторлық есепке сәйкес басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингінің қаржылық есептілігіне қосқаны;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингінің шартқа (растайтын құжаттарға) сәйкес немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда өзгедей түрде шешімдерін бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп айқындау мүмкіндігі болған кезде туындайтын заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігінің болуы; бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп заңды тұлғаның шешімдерін шартқа (растайтын құжаттарға) байланысты немесе басқаша айқындау мүмкіндігі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 4 шілдедегі № 217 Қаулысы.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі Қазақстан Республикасының резиденттері - банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын - еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат алу үшін өтініш берген жағдайда, осы тармақтың 2), 4), 5 ) және 9) тармақшаларында көрсетілген құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге берілмейді.

Егер құрылатын не иемденетін еншілес ұйымы банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, жинақтаушы зейнетақы қоры болып табылған жағдайда, еншілес ұйымды құруға иеленуге берілген өтінішпен бір уақытта қаржы ұйымының (банк холдингінің немесе сақтандыру холдингінің) ірі қатысушысы мәртебесін алуға қажетті құжаттарды қосып, қаржы ұйымының ( банк холдингінің немесе сақтандыру холдингінің) ірі қатысушысы мәртебесін алуға еркін нысанда жазылған өтініші ұсынылады.

Порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14) және 15)

тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері түріндегі құжаттар электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғаларының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

10. Мыналар:

1) рұқсат алуға қажетті осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс етпеуі;

2) құрылатын немесе иеленетін еншілес ұйым орналасқан елдің қаржы ұйымдарын шоғырландырылған қадағалау саласындағы заңнамасының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шоғырландырылған қадағалау жөніндегі талаптарға сай келмеуі;

3) еншілес ұйымның басшы қызметкерлерінің (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылатын кандидаттардың) мынадай талаптарына сай келмегенде:

мыналар басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды:

мінсіз іскерлік беделі жоқ;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымы директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқармасының бірінші басшысы немесе оның орынбасары, бас бухгалтері, ірі қатысушысы (сақтандыру холдингі)-жеке тұлғасы, ірі қатысушысы-заңды тұлғасының бірінші басшысы болған адамдар. Аталған талап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымының лицензиясын кері қайтарып алу туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі қабылданғаннан кейін бес жыл бойы қолданылады;

өзге қаржылық ұйымда басшы қызметкер лауазымында болған кезеңінде оны басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарып алынған адам сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Аталған талап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім кері қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы он екі ай бойы қолданылуы.

4) құрамына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі кіретін сақтандыру тобының сақтандыру (қайта сақтандыру ) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің болжалды қомақты қатысуы нәтижесінде пруденциялық нормативтерді сақтамауы;

5) еншілес ұйым қызметінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі жоспарлаған инвестициялардың салдарынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауы болжанатын қаржылық салдарын талдауы;

6) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерінің, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі қомақты қатысуды иемденетін ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты жүйелердің бар екендігін растайтын құжаттардың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелеріне қоятын талаптарына сай келмеуі;

7) еншілес ұйым орналасқан елдің заңнамасында көзделген жағдайларда еншілес ұйымның белгіленген пруденциялық нормативтерді, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің пруденциялық нормативтерді, оның ішінде шоғырландырылған негізде және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне рұқсат алуға өтініш берген күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде және (немесе) өтінішті қарау кезеңінде сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтамауы;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк құжаттарды қарау кезеңінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) сақтандыру холдингіне және (немесе) иемдену болжанып отырған еншілес ұйымға қатысты қолданған, « Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 53-2-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген қолданыстағы шектеулі ықпал ету шарасының және ( немесе) осы Заңның 53-1-бабының 2-тармағында көзделген мәжбүрлеу шарасының және (немесе) осы Заңның 53-3-бабы 2-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген санкцияның болуы;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі еншілес ұйымды - Қазақстан Республикасының резиденттері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, банкті, инвестициялық портфельді басқарушыны құрған немесе иемденген жағдайда, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі, зейнетақымен қамсыздандыру және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында көзделген Қазақстан Республикасының резиденттері сақтандыру немесе банк холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымының, банктің, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім беруге қатысты талаптарды сақтамауы мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып табылады.

### 3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымдарды портал арқылы «жеке кабинеттен» жіберген жағдайда шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің

нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымын құруына немесе сатып алуына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
қосымша

Нысан

сурет орны

## Еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсыныс жасалған кандидаттар) туралы ақпарат

___________________________________________________________________

(еншілес ұйымның басшы қызметкердің (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсыныс жасалған кандидаттар тегі, аты, бар болса – әкесінің аты көрсетіледі)

___________________________________________________________________

және еншілес ұйымға тағайындалатын басшы қызметкердің лауазымы немесе тағайындалатын кандидаттың лауазымы)

___________________________________________________________________

(еншілес ұйымның атауы)

1. Жалпы мәліметтер:

| | |
|---|---|
| Туған жері және күні | |
| Азаматтығы | |
| Жеке басын куәландыратын құжат деректері (нөмірі, берілген күні, кім берді) | |

2. Жұмыс орны (орындары), лауазымы (лауазымдары)

___________________________________________________________________

3. Жұмыс орны (орындары) мекенжайы (мекенжайлары), байланыс телефоны ___________________________________________________

4. Білімі:

| № | Оқу орнының атауы | Түскен күні – бітірген күні | Мамандығы | Білімі, біліктілігі туралы диплом деректері | Оқу орнының т жері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |

5. Жұбайы, жақын туыстары (ата-анасы, ағасы, інісі, қарындасы, балалары) және жекжаттары (ата-анасы, ағасы, інісі, қарындасы, ерлі-зайыптылардың балалары) туралы мәліметтер:

| № | Тегі, аты, бар болса – әкесінің аты | Туған жылы | Туыстық қатынасы | Жұмыс орны және лауазы |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |

6. Басшы қызметкердің (немесе басшы қызметкердің лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсыныс жасалған кандидаттың) еншілес ұйымның жарғылық капиталына немесе заңды тұлғалардың акцияларын иеленуге қатысуы туралы мәліметтер:

| № | Заңды тұлғаның атауы және тұрған жері | Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері | Жарғылық капиталға қатысу үлесі не заңды тұлғаның дауыс беру акцияларының жалпы санына канди тиесілі акциялар санының арақатын пайызда) |
|---|---|---|---|
| 1. | | | |

7. Соңғы үш жылдағы семинарлардан, курстардан өткендігі туралы мәліметтер:

| № | Ұйымның атауы | Өткізілген күні және орны | Сертификат деректері (нө берілген күні) |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | | | |

8. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Осы тармақта еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсыныс жасалған кандидаттың) бүкіл еңбек қызметінде атқарған (атқаратын) лауазымдары, оның ішінде көрсетілетін қызметті берушіге келісу туралы өтініш берген қаржы ұйымындағы, холдингтегі лауазымы көрсетіледі.

| № | Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы) | Жұмыс орны | Лауазымы | Тәртіптік жазаның болуы | Лауазымнан шы босату себептері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |

9. Еншілес ұйымның басшы қызметкердің (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсыныс жасалған кандидаттың) қаржы ұйымдарына аудит жүргізгені туралы мәліметтер:

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

(қаржы ұйымының атауын, кандидаттың аудитор-орындаушы ретінде аудиторлық есепке қол қойған күнін көрсету керек).

10. Осы ұйымның және (немесе) басқа ұйымдардың директорлар кеңесіндегі және инвестициялық комитеттердегі мүшелігі туралы мәліметтер:

| № | Кезең (күн, ай, жыл) | Ұйымның атауы | Лауазымы, келісу күні (егер талап етілсе) | Лауазымнан шыға босату себептері |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |

11. Жарияланымдары, ғылыми әзірлемелері және басқа жетістіктері:

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

(иә/жоқ, бар болса күнін, қандай басылымдарда екендігін көрсету керек)

12. Алынбаған және өтелмеген соттылығының болуы туралы мәліметтер:

| № | Күні | Сот органының атауы | Соттың тұрған жері | Жаза түрі | Кандидаттың қылмыстық жауаптылыққа тартылуына сәйкес келетін заңнамалық актінің бабы | Соттың іс жүрг шешім қабылдаға |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |

13. Өзіне қабылдаған ақшалай міндеттемелердің орындалмау фактілерінің болуы туралы мәліметтер:

_______________________________________________________________

___________________________________________________

___________________________________________________

(иә/жоқ, көрсетілген фактілер бар болған жағдайда ұйымның атауын және міндеттемелер сомасын көрсету қажет)

14. Басшы қызметкер (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсыныс жасалған кандидаттың) бұрын қаржы ұйымын, банктік холдингті консервациялау, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте банкрот деп тану туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын мерзімде директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың (атқарушы органның) бірінші басшысы және оның орынбасары, бас бухгалтері, қаржы ұйымының жеке тұлға-ірі қатысушысы, заңды тұлға-ірі қатысушының (банктік немесе сақтандыру холдингінің) бірінші басшысы болып табылғандығы туралы мәліметтер.

___________________________________________________

___________________________________________________

(иә/жоқ, ұйымның атауын, лауазымын, жұмыс кезеңін көрсету керек).

15. Басшы қызметкерді тағайындауға (сайлауға) келісімді кері қайтару туралы және қаржы ұйымының, холдингтің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының қызметтік міндеттерін орындаудан көрсетілетін қызметті берушіні шеттету туралы деректердің болуы.

___________________________________________________

___________________________________________________

(иә/жоқ, ұйымның атауын, лауазымын, жұмыс кезеңі, тағайындауға (сайлауға) келісімді кері қайтару үшін негіздемелер және осындай шешім қабылдаған мемлекеттік органның атауы).

16. Қаржы ұйымының, холдингтің басшысы ретінде қаржы ұйымының, холдингтің қызмет мәселелері бойынша сот талқылауларына жауапкер ретінде тартылды ма:

___________________________________________________

___________________________________________________

___________________________________________________

(иә/жоқ сот талқылауындағы жауапкер қаржы ұйымының, холдингтің атауы, қаралған мәселе және сот шешімі).

Осы ақпаратты тексергенімді және оның анықтығы мен толықтығын растаймын.

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

____________________________________________________________

____________________________________________________________

(баспа әріптерімен)

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің қомақты қатысуы бар ұйым тәуелсіз директорлығы лауазымына кандидат толты
Мен, ____________________________________________________________
(тегі, аты, бар болса – әкесінің
____________________________________________________________
тәуелсіз директор лауазымына тағайындалу (сайлану) үшін «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігімді растаймын.

Күні ____________________________________________________________

Қолы ____________________________________________________________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен бекітілген

## «Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру» (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

### 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:
1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш бергенде – күнтізбелік он бес күн ішінде;
2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.
5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – қағаз жеткізгіштегі Қазақстан Республикасының резиденті ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат.
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алуға өтініш берген жағдайда нәтиже электрондық форматта ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолымен расталады.
Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойған электрондық құжат нысанында жіберіледі.
7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
8. Жұмыс кестесі:
1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады;
2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).
9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш берген кезде қажетті құжаттар тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушіге:
1) айналыстағы бағалы қағаздар (борыштық бағалы қағаздар үшін) шығару шарттарын (оның ішінде сыйақы төлеу немесе бағалы қағаздары өтеу жөніндегі міндеттемелерін) дер кезінде орындамағаны немесе орындамаған фактілері болмағаны, сондай-ақ айналыстағы бағалы қағаздардың (акцияларды қоспағанда) делистинг жағдайлары болмағаны туралы ақпаратты көрсете отырып, рұқсат беру туралы еркін нысанда жасалған өтінішті;
2) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында

орналастыру туралы Қазақстан Республикасының резиденті ұйымының органы шешімінің көшірмесін, онда мынадай ақпарат көрсетіледі:

резидент ұйымның толық атауы;

эмиссиялық бағалы қағаздарын орналастыру аумағында (немесе заңнамасына сәйкес) жүзеге асырылатын мемлекеттің (мемлекеттердің) атауы немесе эмиссиялық бағалы қағаздарының орналастырылуы жүргізілетін сауда-саттық ұйымдастырушылардың атауы, оған сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарының орналастырылуы жүргізілетін ережелер мен қағидалардың атауы;

орналастырылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың түрі, кепілгерді көрсетумен қамтамасыз етудің және кепілдіктердің болуы мен түрі, номиналды құны немесе орналастыру бағасы және сәйкестендіру коды (бар болса);

осы эмиссиялық бағалы қағазбен берілетін құқықтар;

осы эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті есептеу және төлеу тәртібі, төлеу мерзімділігі және Қазақстан Республикасының резиденті ұйымының көзқарасы бойынша маңызды өзге де мәліметтер;

3) Қазақстан Республикасының резиденті ұйымының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының ( бұдан әрі – Заң) 22-1-бабының 1-тармағы 1), 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарын сақтауын растайтын Қазақстан Республикасы аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының анықтамасын;

4) борыштық эмиссиялық бағалы қағаздарды, оның ішінде туынды бағалы қағаздарды шығару кезінде левередж шамасы есебінің қосымшасымен, облигациялар шығаруға және (немесе) орналастыруға рұқсат алу үшін құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша қаржылық, оның ішінде шоғырландырылған есептілікті;

5) үлестік, оның ішінде туынды эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару кезінде орналастырылған үлестік бағалы қағаздары санынан үлестік бағалы қағаздардың он және одан да көп пайызының меншік иесі болып табылатын тұлғалар тізімі өзгерген кезде борыштық бағалы қағаздар ұстаушыларында осы борыштық бағалы қағаздарын мерзімінен бұрын өтеуді және (немесе) сатып алуды талап ету құқығы туындау үшін негіздеме болып табылатын бұрын шығарылған бағалы қағаздар проспектілерінде талаптардың (ковенанттың) жоқ екенін растайтын құжатты ұсынады.

Қазақстан Республикасының резиденті ұйымы Заңның 22-1-бабында және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 70 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының резиденті ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында шығаруға және (немесе) орналастыруға рұқсат беру, депозитарлық қолхаттардың

немесе Қазақстан Республикасының резиденті ұйымдарының эмиссиялық бағалы қағаздары базалық активі болып табылатын өзге бағалы қағаздардың шығарылымы туралы хабарламаны, сондай-ақ оларды орналастыру туралы есепті ұсыну қағидалары белгіленген талаптар сақталған жағдайда, эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында шығаруға және орналастыруға біржолғы рұқсат алу үшін құжаттар ұсынады.

Қазақстан Республикасы резиденті ұйымы рұқсат алуға құжаттарды ұсыну күніне шығарылымы тіркелген шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат алу үшін Қағидалардың осы тармағында көрсетілген құжаттардан басқа осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес мәліметтерді ұсынады.

Қазақстан Республикасының резиденті ұйымы оның бастамасы бойынша немесе оның қатысуымен және базалық активі осы Қазақстан Республикасының резиденті ұйымы орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын туынды эмиссиялық бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат алу үшін осы тармақта көрсетілген құжаттардан басқа, тиісті шешім қабылданғаннан кейін отыз күн ішінде көрсетілетін қызметті берушіге базалық активі Қазақстан Республикасының резиденті ұйымының шет мемлекеттегі бағалы қағаздары болып табылатын туынды бағалы қағаздарды орналастыру туралы шешім қабылдаған күндегі жағдай бойынша базалық активі болып табылатын орналастырылмаған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу жүзеге асырылатын бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде ашылған Қазақстан Республикасының резиденті ұйымының жеке шотының жай-күйі туралы тіркеушінің анықтамасын ұсынады.

Порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ расталған айналымдағы бағалы қағаздар (борыштық бағалы қағаздар үшін) шығару шарттарын (оның ішінде сыйақы төлеу немесе бағалы қағаздары өтеу жөніндегі міндеттемелерін) уақтылы орындамаған немесе орындамаған, сондай-ақ айналымдағы бағалы қағаздардың ( акцияларды қоспағанда) делистинг жағдайлары болмағандағы туралы ақпаратты көрсете отырып электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында, үшінші және төртінші бөлігіндегі көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері түріндегі құжаттар электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғаларының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

## 3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымдарды портал арқылы «жеке кабинеттен» жіберген жағдайда шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

12. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.nationalbank.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

## Қазақстан Республикасы резиденті-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат алу үшін мәліметтер

1. Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымының ұйымдық құқықтық нысаны көрсетілген атауы.

2. Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымының және оның бағалы қағаздарының рейтингтік бағасы туралы мәліметтер.

3. Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымы бұрын шығарған эмиссиялық бағалы қағаздардың оларды шығарған елдердегі және басқа елдердегі сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда алаңдарында айналыста болуы туралы мәліметтер (биржаның атауы, листингтің санаты, Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымы бұрын шығарған эмиссиялық бағалы

қағаздардың параметрлері).

4. Нөмірі мен тіркеу күнін көрсете отырып Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымы эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеген органның атауы.

5. Аумағында (немесе заңнамасына сәйкес) Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымы эмиссиялық бағалы қағаздардың орналастырылуы жүзеге асырылатын мемлекеттің (мемлекеттердің) атауы.

6. Қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымы жүргізілген және орналастырылуы жүргізілетін сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауы.

7. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздардың орналастырылуы жүргізілетін ережелер мен қағидалардың атауы.

8. Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздардың түрі.

9. Сәйкестендіру коды (бар болса).

10. Шығарылым валютасы және нысаны.

